



ТӨРТІНШІ БИЛІК



/ №14 (304) / 30 шілде / дүйсенбі / 2018 жыл /

E-mail: tortinshilik@mail.ru

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

ТУҒАН ЕЛ ТЫНЫСЫ



Қазақстандықтар 19 елге визасыз бара алады

■ Қазақстандықтар 19 елге виза рәсімдемей-ақ бара алады. Бұл туралы ҚР СІМ баспасөз қызметі Қазақпараттың жолдаған ресми сауалына жауап бере отырып, хабарлады.

«Қазақстан ұлттық жалпыазаматтық телқұжат иелері үшін визалық талаптардан босату туралы 20 елмен екіжақты келісімдерге қол қойды», - делінген ведомствоның жауабында. Атап айтқанда, оларға мына елдер кіреді: 1. Әзербайжан (30 тәулікке дейін); 2. Аргентина (30 тәулікке дейін); 3. Армения (90 тәулікке дейін); 4. Беларусь (90 тәулікке дейін); 5. Бразилия (30 тәулікке дейін); 6. Гонконг (14 тәулікке дейін); 7. Грузия (90 тәулікке дейін); 8. Корея (30 тәулікке дейін); 9. Куба (30 тәулікке дейін) - күшіне енген жоқ; 10. Қырғызстан (90 тәулікке дейін); 11. Молдова (90 тәулікке дейін); 12. Монголия (90 тәулікке дейін); 13. Ресей (90 тәулікке дейін); 14. Тәжікстан (30 тәулікке дейін); 15. Өзбекстан (30 тәулікке дейін); 16. Украина (90 тәулікке дейін); 17. Сербия (30 тәулікке дейін); 18. Түркия (30 тәулікке дейін); 19. Эквадор (30 тәулікке дейін); 20. БАӘ (30 тәулікке дейін). Сонымен қатар, Сыртқы істер министрлігі өз қызметі шегінде тұрақты негізде елдің инвестициялық және туристік тартымдылығын арттыру және Қазақстан Республикасының визалық режимін қауіпсіз түрде ырықтандыру бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Қазіргі таңда 45 елдің азаматы Қазақстанда күнтізбелік 30 күн мерзіміне дейін визасыз жүруге құқылы. Бұл елдерге Аустралия, Аустрия, Бельгия, Болгария, Ұлыбритания, Венгрия, Германия, Грекия, Дания, Израиль, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Канада, Кипр, Корея, Латвия, Литва, Люксембург, Малайзия, Мальта, Мексика, Монако, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Норвегия, БАӘ, Польша, Португалия, Румыния, Сингапур, Словакия, Словения, АҚШ, Түркия, Финляндия, Франция, Хорватия, Чехия, Чили, Швейцария, Швеция, Эстония, Жапония кіреді.

inform.kz



Еңбек министрлігі үйі мен көлігін сатқандардың зейнетақы қорына ақша аударуы туралы ақпаратқа түсінік берді

■ Еңбек министрлігі қазақстандықтардың жеке мүлкін сатқандағы табысының 10 пайызын мемлекетке төлеу керек деген ақпаратқа қатысты пікір білдірді.

Вице-министр Светлана Жакыпова ақпаратты жоққа шығарды. «Мемлекет жұмысшысы үшін жалақысы оның табысы. Жеке кәсіпкерлер кәсібінен табыс табады. Жеке нотариустар көрсеткен қызметі үшін табыс көреді. Ал жеке азаматтар үшін келісім бойынша жұмыс істегенде, жалақысының көбеюіне байланысты міндетті зейнетақы жарнасы артып отырады. Ал жеке мүлкін сатқанда, жарна алынбайды», - дейді вице-министр.

14 шілде күні заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім бойынша табыс табатын жеке тұлғалар, адвокаттар, сот орындаушылары, жеке нотариустар, кәсіби медиаторлар, жеке кәсіпкерлер табысынан түскен ақшаны зейнетақы қорына аударды.

Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналары төленетін табыс, сондай-ақ оларды төлеудің тәртібі мен мерзімдері міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу және аудару шарттары, бірыңғай жинақталуы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен санкциялар 2013 жылғы 18 қазандағы №1116 қаулысына сәйкес есептеледі.

Осыған байланысты, ол «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның шеңберінде министрлік «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір мәселелері туралы» жобаны қолға алды.

Жобаны мемлекеттік органдар, сарапшылар қарап жатыр. Айта кету керек, азаматтардың азаматтық-құқықтық келісімшарттар бойынша алынған табыстары, бұрынғыдай жұмыс немесе қызмет нәтижесінде азаматтардан алынған табыстың көлеміне қарай өседі.

Бұған дейін жеке мүлкін сатқан қазақстандықтар табысының 10 пайызын зейнетақы қорына аударуы тиіс деген ақпарат тараған еді.

stan.kz

Ерден ердің несі артық...



Омарбек ағамды ұстаз тұтамын

(Кезінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы Мақтаарал ауданының әкімі, өндірістік мекеме басшысы және басқа да қызметтер атқарып, өңірдің өркендеуіне елеулі үлес қосқан азамат, көптеген марапаттардың иегері – Омарбек Нұржановтың 70 жылдығына орай)

I. Аудандық партия комитетінің 2-хатшысы болғанда, ол бар болғаны 30 жаста еді

Менің туыстас ағам Омарбек Нұржанұлы институт бітіріп, инженер-механик мамандығын алып елге оралған соң аудандағы кәсіптік-техникалық училищеге мұғалім болып орналасты. Жасынан пысық, барлық іске мұқияттылықпен қарайтын Омарбек Нұржанұлы екі жылдан кейін сол оқу орнының директорының орынбасары болды. Бұл 45 жылға созылған мемлекеттік қызмет жолындағы алғашқы басшы қызмет еді.

Даналығымен тарихта белгілі Шәжәрім қажының: «Біреудің жайын сынамақ бұрын, оның өмір сүрген ортасына, өміріне байыппен көз жібер, жағада қайық күтін тұрып, қайық келмес бұрын жүкті аркалап тұрған жолаушыға ұқсама. ...Мені білу үшін, мен мінген қайыққа мін, сонда ғана өмір жайымды түгел ұғасың, сүйінішім мен күйінішімді, күйзелісімді түсінесін, сонда ғана

анық танырсың кімдігімді...» деген сөзі бар.

Сол айтқандай бүгінгі кейіпкеріміздің тұлғасын, табиғатын, ой-ниетін, білімін, білігін, қайраткерлігін, ғылымдағы еңбегін зерделеу үшін ол өмір сүрген заман шындығын қатар қарауға тырысу керек. Оны білгенде де сол кездегі замана ағымын, оның ішкі пірімдерін, бодан етіп отырған елдің, оның партиясының қазаққа жасаған тыйым-талабын, қиянаты болса онысын сезіну қажет.

Партия қатарына өткен соң бір жылдан кейін Киров аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы болып екі жыл қызмет етіп, содан кейін аудандағы «Октябрьдің 30 жылдығы» атындағы үлкен шаруашылықтың партия ұйымына басшылық етті.

Омарбек Нұржанұлының еңбек жолының жартысы социализм идеясымен қаруланған коммунистік партияның билігінде болып, сол идеяның солдаты болғаны болса, екінші бөлігі еліміздің тәуелсіздігі жылдарындағы нарық

экономикасына негізделген мерзім болды. Социалистік құрылымнан нарық экономикасына көшу аудан басшысы түгілі, облыс және республика басшылығындағыларға да оңай болмады. Көбісі нарық көшіне ілессе алмады. Өткен кезеңде де, қазіргі заманда да әркімнің жасаған еңбектері нақтыланып, бүкпесіз зерделеуге түсетін кез жетті.

Өзі айтады: «Екі қоғамда өмір сүрдім, көптен араластым, басшылық қызметте болдым, қоғамның ілгерілеуі мен іркілістерін, ұтуы мен ұтылысын, қызықтары мен қиындықтарын көзімнен көрдім, басымнан өткіздім. Ол жолдағы тұлғалардың белсенділігі мен беделін, қайсарлығы мен қажырын білемін десем, артық айтқандық болмас» - дейді.

1979 жылы 4 ай Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болып барып, туған ауданына аудандық партия комитетінің 2-хатшысы болып оралғанда ол бар болғаны 30 жаста еді.

4-5

ЕЛ ЕЛЕҢДЕГЕН ЖӘЙТ

Qazkom мен Halyk Bank-тің қосылу процесі аяқталды



■ Қазақстанның екі ірі банкі интеграция процесін аяқтады, деп хабарлайды Қазақпарат.

Біріккен банктің мәлімдемесінде: «Қазақстанның Халық банкі» АҚ және «Қазкоммерцбанк» АҚ 2018 жылғы 28 шілдеде 2018 жылғы 27 шілдедегі жағдай бойынша Табыстау актісіне қол қойды», - делінген. Аталған құжат екі банк арасындағы ерікті қайта

ұйымдастыру аясында Қазкоммерцбанктің бүкіл құқықтары мен міндеттемелерін Халық банкіне беруін білдіреді. «Қазақстанның Халық банкі» АҚ басқарма төрағасы Үміт Шаяхметованың айтуынша, бұл процесс бір жарым жылға созылған. «Халық банкі мен Қазкоммерц-

банктің бірыңғай технологиялық платформаға өтуі бойынша бүкіл шаралар жоспарға сай аяқталды. Халық банкінің және Қазақстанның бүкіл қаржы жүйесінің тарихында жана кезең басталды», - дейді ол. Хабарланғандай, Табыстау актінің бекіту туралы шешім 2018 жылдың 26 шілдесінде Халық банкі акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында және Қазкоммерцбанк және Халық банкі акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысында қабылданды. Бұдан бөлек, Халық банкі мен Қазкоммерцбанк барлық қажетті технологиялық жұмыстарды аяқтады. Соның нәтижесінде Қазкоммерцбанк пен Халық банкінің клиенттеріне енді Халық банкінің барлық филиалдары мен бөлімшелерінде қызмет көрсетіледі. Қазкоммерцбанктің еншілес ұйымдары Халық банкінің еншілес ұйымдары болады.

inform.kz

ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



Мемлекетіміз бен ұлтымыз сыналар сот

2


ИМАНДЫЛЫҚ



Жаманбай батыр Жаулыбайұлы

6

СӨЗ ПАТШАЛЫҒЫНА САЯХАТ



«Жылқы ішінде ала жүр» сыңсу еді немесе «Әр әке қызын осылай ұзатса ғой...»

7

БАСПАСӨЗ-2018

ТӨРТІНШІ БИЛІК

СІЗДІң ЖАН СЕРІГІҢІЗГЕ АЙНАЛСЫҢ!

«ТӨРТІНШІ БИЛІК» газетіне жазылу «Қазпостаның» барлық байланыс бөлімшелерінде жүргізіледі

2018 ЖЫЛҒЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

шығарылымы	БАСЫЛЫМ МЕРЗІМІ	ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ	
		калалық жерде	ауылдық жерде
Айына 2 рет	6 ай	2319 теңге 60 тиын	2371 теңге 20 тиын
	1 жыл	4639 теңге 20 тиын	4742 теңге 40 тиын

БІЗДІң ИНДЕКС: 64333



ҚР Президенті, Елбасы Н. Ә. Назарбаевқа

Жоғары мәртебелі Елбасы,
аса құрметті
Нұрсұлтан Әбішұлы!

Соңғы жылдары Қытайдың Шыңжаң өлкесінде қалыптасқан қиын жағдай туралы Өзіңіз де жақсы білесіз деп ойлаймын. Сол жағдайға байланысты өзінің өміріне төніп келе жатқан қауіптен бой тасалау һәм Қазақстанда өмір сүріп жатқан отбасына (күйеуі мен бала-шағасы Қазақстан азаматтары) қосылу мақсатында 2018 жылы сәуір айында Қазақ-Қытай шекарасын бұзып өтуге мәжбүр болған, сондай жүрекжұтты ерлігінің арқасында тарихи Атамекені, "күлді қазақ баласының жер бетіндегі жалғыз Отаны" (Н.Назарбаев) - Қазақстанға аман-есен жеткен Сайрағұл Сауытбайқызы туралы да еліміздегі ресми һәм бейресми БАҚ арқылы, әлеуметтік желілер арқылы естіп-біліп жатқан боларсыз.

Ел шекарасын бұзып өтудің қылмысы екені бәрімізге белгілі. Алайда С.Сауытбайқызының осы "қылмысқа" ерікпеннен бармағаны анықталып отыр. Яғни ол Қазақ елінен, жер бетіндегі жалғыз қамқор Отанынан жансауға сұрап келіп отыр. Егер Еліміздің құқық қорғау органдары тек қана ҚР "Қылмыстық кодексінің" ғана басшылыққа алып, шыбын жанына сауға сұрап, Елім деп еңіреп жеткен қандас қарындасымызды ҚХР-на қайтарып берсе, Сайрағұл Сауытбайқызын ол жақта тек қана өлім күтіп тұрғаны анық. Осы жағдайға байланысты, Мен, Дүкен Мәсімханұлы, Сізден, біріншіден, Халықаралық адам құқықтарын қорғауға бағытталған барлық заң-жарғыларды басшылыққа ала отырып; екіншіден, Өзіңіздің саликалы саясатыңыздың арқасында қалыптасып, бекем орныққан Қазақстан-Қытай елдерінің тағу-көрінілігін, сондай-ақ ҚХР басшылығымен болған жеке достығыңыз бен беделіңізді алға тарта отырып, Сайрағұл Сауытбайқызына саяси баспана беріп, азаттыққа шығаруыңызды немесе Қазақстанда біржола қалып, тиісті жазасын осында өтеуіне мүмкіндік беруіңізді өтінемін!

Сізге деген зор құрметпен,
үлкен сеніммен,



Дүкен МӘСІМХАНҰЛЫ,
ақын, аудармашы, қытайтанушы-ғалым,
ҚР Президенті жанындағы Ұлттық кеңестің мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
ШЫҰ (ШОС) "Жібек жолы: гуманитарлық ынтымақтастық" сыйлығының, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының, Қазақстан тәуелсіздігіне "10 жыл", "20 жыл", "25 жыл" медалдарының, "Ы.Алтынсарин" медалінің иегері, Қазақстан ЖОО үздік оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ кафедра меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

P.S.: Хаттың қағаз нұсқасы Ақордаға жолданды.
Хатты көшіріп басқысы келетін ақпарат құралдарына келісімді беремін.



Мемлекетіміз бен ұлтымыз сыналар сот

■ Күндегі әдетпен таңертең әлеуметтік желіде не жаңалық бар екен деп кірсек, екі айдан бері ақпарат құралдары жанашырлықпен жарыса жазып келе жатқан Сайрағұл Сауытбай қарындасымызға араша болуын сұрап танымал құқық қорғаушы Абзал Құспанның Елбасыға жазған Ашық хаты алдымыздан атойлап шыға келді. Түскеніне бірнеше минут қана болған екен. Мәселенің мән-жайын толық түсіну үшін ең алдымен үшбу хатты асықпай оқып шығайық.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә.Назарбаевқа
Қазақстан Республикасының
азаматтары атынан

А Ш Ы Қ Х А Т

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сізге мемлекетіміздің ең жоғарғы лауазымды тұлғасы және Қазақстан Республикасы Конституциясының кепілі ретінде осы хатты жолдай отырып, келесі мәселе бойынша Өзіңіздің жеке араласып саяси шешім қабылдауыңызды сұраймыз.

Қазіргі кезде Алматы облысы Панфилов аудандық сотында, заңсыз шекара бұзғаны үшін ҚХР азаматы, этникалық қазақ Сайрағұл Сауытбайға қатысты қылмыстық іс қаралуда.

Өзіне тағылған айыпты толығымен мойындаған С.Сауытбай Қазақстанның мемлекеттік шекарасын бұзу себебін 2016 жылдан бері ҚР азаматтығын алған отбасымен қауышу, сонымен қатар, бұдан әрі ҚХР тұру мүмкін еместігі себебімен түсіндіреді. Себебі, аталған мемлекеттің ШҰА округінде аз ұлт өкілдері, оның ішінде этникалық қазақтарға қатысты жаппай адам құқығын бұзу фактілері орын алуда. Ол туралы халықаралық құқық қорғау ұйымдарының есептерінде де көрсетілуде (қосымшада).

Қазақстанның қылмыстық заңнамасына сәйкес бұндай қылмыстар үшін елден шығару – міндетті қосымша жаза ретінде көрсетілген.

Алайда Сауытбай елден шығарылған жағдайда, ҚХР қылмыстық заңнамасына сәйкес, оны өлім жазасы күтіп тұр, себебі;

– Ол ҚХР-да мемлекеттік қызметте болған;
– ҚХР Коммунистік партиясының мүшесі болған;

– Этникалық қазақтарға арнап салынған концлагерь қызметшісі ретінде, ҚХР мемлекеттік құпияларын білген.

Бәрімізге белгілі, Қазақстан «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер

мен жазалау түрлеріне қарсы конвенцияға» қосылған ел, оны 1998 жылы ратификациялық, сонымен қатар, 2006 жылы «Азаматтық және саяси бостандықтар туралы Халықаралық пактіге» де қосылғанбыз. Аталған халықаралық шарт нормалары кез-келген азаптау мен қатыгездік орын алу қаупі бар елдерге адамды беруге, шығаруға тыйым салады.

Қазіргі кезде, Сайрағұл Сауытбайға қатысты қаралып жатқан іс және ҚХР ШҰАО-ті этникалық қазақтардың жағдайы тек елімізде ғана емес, сонымен қатар әлем бойынша кенінен талқыланып, қоғамдық резонанс тулыруда (әлемдік БАҚ мақалаларына сілтеме тіркелді).

Осы тұрғыда Сіздің тарапыңыздан Сайрағұл Сауытбайды Қытайға бермеу туралы шешім қабылдағаныңыз Қазақстанның әлемдік қауымдастық алдындағы, тәуелсіз және құқықтық мемлекет ретіндегі беделін нығайта түсері сөзсіз!

Аталғандардың негізінде, Сізден осы мәселеге араласуыңызды және:

– Халықаралық шарттар нормаларының орындалуын қамтамасыз етіп, Сайрағұл Сауытбайды ҚХР-на бермеуге ықпал етуіңізді,

– Сайрағұл Сауытбайға мерзімінен бұрын азаматтық беруді,

– ҚХР тарапының ерекше қызығушылық танытуы себебі, Сайрағұл Сауытбайды қорғауға алуды қамтамасыз етуді сұраймыз!

Құрметпен, қорғаушы – адвокат А.Т.Құспан. (Ашық хат орфографиялық және стилистикалық тұрғыдан аз-кем өңделді. – Ө.А.)

Иә, дәл бүгінгі таңда Сайрағұлдың тағдырынан артық күйіп тұрған мәселе жоқ екеніне ешкім де таласпас. Өйткені, жеке бастың күнделікті күйбен тірлігінің көрінісі емес бұл. Оның сыртында тұтас халықтың ар-намысы тұр. Әлеуметтік желіде «Ашық хатты қолдаймыз!» деп қол қойып жатқан жанның қарасы еселеп өсіп келеді. Біз болсақ мәселенің байыбына тереңірек үңілу мақсатымен ғаламтор шарлай бастағанымыз сол еді, Сәуле Әбділаханқызы қарындасымыздың (бүгінгі заманның «Ақжүнісі») таныстырып жату қажет емес шығар) мынадай жазбасы жарқ ете қалды: «Сайрағұлдың сот процесінен кейін 3-4 сағат жол жүріп, Алматыға жеткен соң бізді көлігіміз Жаркентке апарып, алып қайтқан Нұрғали деген азаматтың ұсынысымен Айбын ағаның «Тимужин» мейрамханасында (Райым-

бек батыр даңғылы, Махманның артында) шай ішіп, біраз шаршағанымызды бастық. Сол жерде Абзал адвокаттан Сайрағұлдың соты туралы көкейдегі бір-екі сауалға жауап алған едім...»

Оқиғаның мән-жайы жайлы нақты да дәлелді сөзді енді біз де қорғаушының өз аузынан естіік. «Сайрағұлдің ісінің қаншалықты маңызды екенін көп адам әлі түсіне қойған жоқ. Соның сыры бүгін ашылғандай болды... Сайрағұл Сауытбай тегін адам емес. Ол Қытайдың саяси үйрену лагерінде жұмыс істеген адам, яғни, Қытайдың мемлекеттік құпияларымен жұмыс істеді деген сөз. Американың, Еуропаның газеттері, оның ішінде «Вашингтон пост», «Нью-Йорк Таймс» біздің «Ата Жұрт» еріктілер ұйымының материалдары негізінде 50-ден астам мақала берді, көптеген халықаралық ұйымдар, БҰҰ-ның Босқындар ісі жөніндегі комиссариаты, Хьюмен Райс Уотч, Европарламент осы мәселені зерттеу үстінде. Осы кезге дейінгі зерттеулер нәтижесінде мәлім болғандай, әлем жұртшылығы Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономды округінде 1 миллионға жуық түркітөкес мұсылманның түрмеде жазықсыз отырғанынан хабардар. Бірақ, осы кезге дейін әлем сол лагерлерде не болып жатқанын зардап шеккендер мен үшінші жақтағы адамдардан естіп, біліп келді. Ал, сол лагерлердегі, түрмелердегі қытайдың құпия құжаттарын қолымен ұстап, көзімен көрген, және соларға өзі қызмет істеген адам жайлы ешкім ештеңе білмейтін. Бүгінгі сот мәжілісінен кейін «Франс Пресс» секілді әлемдік ақпарат құралдары «Бұл – нағыз сенсация! Қытайдың қылмысы нақты түрде дәлелденді, әшкереленді» деп хабарлап жатты. Қылмыстың әшкере болуы жолындағы Сайрағұл сотының үлес салмағы қандай екенін өздеріңіз пайымдай беріңіздер.

Сайрағұлдың басына төнген қатердің қаншалықты зор екенін түсіну үшін бір-екі ғана дәлел келтірейін. Сайрағұл ұлты қазақ әйелдің Қытайдың мемлекеттік жалауын күнделікті таңертең көтеретінін вичат (вацаптың аналогы) арқылы Қазақстандағы туыстарына жіберген екен. Қытай жағы осыны «Отанға жасалған опасыздық» деп бағалап, сол үшін оны өлім жазасына кесіпті... Сайрағұл бүгінгі сотта одан бөлек бөлек мәнінде Қытайдың мемлекеттік құпиясы болып саналатын құжаттармен бөлісті. Ол үшін Қытай заңнамасына сәйкес Сайрағұл Қытайға қайтарылған жағдайда оны бірнеше бап бойынша өлім жазасы күтіп тұр.

Осылайша, бүгінгі күні сот алаңында екі жақ бетпе-бет келіп отыр. Оның бір жағы – Сайрағұлді өзінің кезекті құрбандығына айналдырғысы келіп отырған қатыгез Қытай үкіметі. Екінші жақ – өркеніетті батыс елдері. Олар адам құқығын ең алдығы орынға қояды, ең бірінші кезекте

соны қорғайды. Олар біздің қандасымызға араша түсіп отыр. Бұл жағдай біздің ұлтымыз үшін ғана емес, мемлекетіміз үшін де сыналар сот болмақ. Ол қай жақты таңдайды?..»

Әлеуметтік желідегілер «Сайрағұл қызмет еткен «түзету лагерінде» 2,5 мыңнан астам қазақ қамалған, ал, бұл жайлы ақпараттың барлығы Қытайдың мемлекеттік құпиясына жатады. Ал Сайрағұлге «осы құпияны тісіннен шығарсаң, ату жазасына кесілесің» деп ескертіп, құжатқа қол қойғызып алған. Ендеше, Сайрағұлді Қытайға беруге болмайды» деп жазуда. Бұл мәселеге Еуропа мемлекеттері мен АҚШ та назар аударып бастағанын адвокат Абзал Құспан айтып өтті. Ал Сайрағұлдің өзі 20-маусым күні «Қамалатыным анық болған соң, шекараны бұзып өтуге іштей дайындала бастадым. Оның үстіне бойдақ қазақ келіншектерін қытайдың үйіне айына сегіз мәрте қондыру міндеттелді. Құдай оңдап маған таныс ханзудың үйі бұйырды. Оған күніне 20 юань беріп, «қонды» деп қол қойғызып алып жүрдім. Кеш бата ханзудың үйіне кіремін. Шарбағынан секіріп шығып, ауыл шетімен өз үйіме барып, жарық жақнай түнеймін. Осындай саясаттан соң менде шекара бұзудан басқа амал қалған жоқ» деп жазса, кеше 13-шілде күнгі сотта өзінің шекараны бұзған себебін: «Шекарадан өткенде, оның заңсыздығын да, зардабын да түсіндім. Бірақ мен шаңырағымға оралу үшін, жанымды аман алып қалу үшін осындай қаламға бардым!» деп түсіндірген.

Кейбір заңгерлер соттардың өзінің ішкі түйсігіне сүйеніп отырып адамды қорғау үшін заңды белден басуына рұқсат та бар, алайда оны бір жылда екі-ақ рет пайдалануға болады, соны біздің сот та қолдансын дейді. «Құқық адамгершіліктен төмен» деген сөз көне заманнан келе жатқанын ескерсек, бұл сөз құлаққа кіреді. Құлаққа кірмейтін сөздер де бар. Өлгі заңды мүмкіндікті қолдануға қарсы қазақтар да табылып жатыр. Олар «заң жаман ба, жақсы ма бәрібір, заңның аты заң, оны бұлайша қалауына қарай бұрға болмайды» деп көсемсуде. «Сөз емес сөзді, кісі емес кісі айтады» деген нақыл осындайлан қалған-ау, сіре...



ӨМІРЗАҚ АҚЖІГІТ,
БЕЛГІЛІ ЖУРНАЛИСТ.

Серікжан Біләшұлы:

«Көп әйел алып, көбейейік, қазақтар!»

■ Әлеуметтік желі қолданушыларына аты жақсы таныс азамат – Серікжан Біләшұлының ұлттық мүдде тақырыбындағы төмендегі мақаласын оқырманға ұсынуды жөн көрдік.

I. Біз 100 миллионға жетуіміз керек

Ассалаумағалейкум, құрметті жамағат! Менің аты-жөнім – Серікжан Біләшұлы. Қазақ интернет әлемінде «Жарқын Жеті» деген атпен 2009-жылдан бері жұртқа танылғанмын, әсіресе жастар жағына. Менің бүгін айтайын дегенім мынау: Қазақ халқының басына келген осы бір ауыр зұлмат күндерде соны шешудің сан түрлі амалын қарастырып, жүгіріп жүріміз ғой. Мысалы, үш мәрте баспасөз мәслихатын өткіздік, жәшік-жәшік арызды Сыртқы істер министрлігіне, құзырлы мекемелерге жеткіздік, ақпарат саласына беріп, құзырлы мекемелермен бірлесіп маңызды деген деректерді қолдарына ұстатып отырдық. Өз шама-шарқымыз жеткенінше екі мәрте құран-хатым өткізіп, Қытай жақтағы шаһид болған бауырларымызға, жаназасыз жерленген бауырларымызға арнап құран бағыштадық.

Енді осы Қытай қазақтарының басындағы сұмдық оқиғаларды Елбасының назарына, Сыртқы істер министрінің назарына, қоғам назарына ұсынамыз деп жанталасып жүргенде мынадай бір ой келді: Қазақ көп болғанда осындай қорлық көрер ме еді? Санымыз 50 миллион, 100 миллион болғанда осындай қорлық көрер ме едік?

Мынау ұланғайыр дала – әлем бойынша 9-орын алатын үлкен территория, асты-үсті толған байлық, мұнай мен газ өндіруден жер бетінде 9-шы елміз. Алпауыттардың, империялардың бәрі сілекейі ағып, көзі қанталап қызығады. Осы байлық жау шақырады, осы маң дала жау шақырады.

Сондықтан біз көбейейік. Санымыз 50 миллионға, 100 миллионға жетуі керек. Ол үшін бүгіннен бастап іске кірісу керек. Әрбір қазақ азаматы үштен, төрттен әйел алсын шарият талабы бойынша. Қазақ қыздарын жатжұрттықтарға, кәсіпкерлерге бермей, өзіміз алайық. Сондықтан осы іске бел шешіп кірісейік. Оған «анау», «мынау» деп сылтау айтпайық. Қарындастарымыз, келіндеріміз, жеңгелеріміз түссін. Біз көбеймесек мынау ұланғайыр дала-ны ұстап тұра алмаймыз, тәуелсіздігімізді ұстап тұра алмаймыз.

Енді сенің ұрпағың, немере-шөберелерің, шөбереннің шөбересі жат қауымдардың тепкісінде шырылдамасын десең, зарлаамасын десең, осы тәуелсіздікті ұстап тұрсын десең, қиямет-қайымға дейін, заманақыр – жер тақырға дейін бай-бақуат өмір сүрсін десең, біз ірі болайық. Ірі болу үшін тірі болайық. Сол үшін көбейейік. Саннан сапа туады, сондықтан көбейейік.

Айналайын қарындастар, әпке-жеңгелер, рұқсат беріңдер! Айналайын жігіттер, сендер де жерге қарап отырмандар. Қатын – ерге, ер жерге қарайтын сұмдық заман басымызға келмесін десең, көбеюіміз керек.

II. Қытай мен Ресей қазақтарын жоғалтқалы тұрмыз

Кешегі жоңғар шапқыншылығында, «Ақтабан-шұбырынды» болғанда, «Сырдың суы мен қамысы болмағанда қазақтан тірі пенде қалмас еді» дейтін сол бір заманда «Бас-басына бай қайда?» – деп Төле би бабамыз айтқан жоқ па? Жәңгілен жаудың қатын-баласын бөлісіп алған жоқ па ата-бабаларымыз? Сонда қырылған, соғыста шаһид болған жора-жолдастарының әйелдерін жаппай алған жоқ па? Сол қаптаған тоқалдардан біз туған жоқпыз ба?

«Тоқал» деген сөз соншалықты сүйкімсіз сөз емес. Құнанбай тоқал алмаса Абай қайдан туады? «Атадан – алтау, анадан – төртеу, жалғыздық көрер жайым жоқ», – деп Абай айтқан жоқ па? Шоқан Уәлиханұлы ше?

Сондықтан бұл жерде шарият бойынша рұқсат беріп тұр. Шариятта «байбіше-тоқал» деген ұғым жоқ, шариятта әйелге тең қара дейді. Ендеше, алайық!

Онысы да біздегі «кәрі қыздардың» санын бір Құдай біледі, поләнбай жүз мың «кәрі қыз» бар болуы мүмкін. Онысы да жатқа кетіп, кәсірге тиіп,



жұрттың абыройын түсіріп жүрген жоқ па? Ендігі жағдай мынау болып тұр. Қытайдағы 3 миллион қазақтан тірідей айырылып отырмыз. Ресейдегі 1 миллион 500 мың қазақ, енді қазақ болмай кетті олар. Біз енді олардан тірідей айырылдык.

Ал Өзбекстан қазақтары келді. Неге? Болмаса сол өзбек тілі де, ділі де өзмізге ұқсас халық еді. Болмаса үлкен қысым жасаған жоқ. Сол өзбектер қазақпен тамырлас халық еді. Тіпті сол қазақтар өзбектеніп кетсе де өкінбес еді. Аталас, туыс-тас халық. Бірақ олар қазақ боламын деп келді.

Неге? Қаны һәм бойларында ұлттық рух бар. Тілі жойылмаған, рухы жойылмаған халық өзінің сол Құдай берген қасиетімен қалуды ойлады.

Ал Ресейдегі қазақ неге келмей қойды? Бір жарым миллион қазақ? Себебі олар орыстанып кетті. Тура сол сияқты ертең Қытай қазақтары да енді бір жиырма жылда қытайланып болғанда басыңды тауға ұр, тасқа ұр, ол да келмейді. Қазіргі Қытайдың геноцидтік сұмдығында оның келе қоюы да екіталай. Енді Құдайдан бір көмек болып, Елбасы араласып, Қазақстан саясаткерлері немесе әлем саясаткерлері араласып, бір мұзжиза болмаса дәл қазіргі мынау қырғын, геноцид, нәсілдік, ұлтты құрту саясаты жүре берер болса ол жақтағы қазақ енді біз үшін алғанда жоқ деген сөз. Яғни 3 миллион қазақтан тағы да айырылғалы тұрмыз.

1916-жылғы соғыста қырылған қазақ, 1921 – 1922-жылдарда, Лениннің кезінде 2 миллион 500 мың қазақ қырылды, 1931 – 1933-жылдары 4 миллион 500 мың қазақ қырылды, 1937 – 1938-жылдары қазақтан тұтас зиялылары қырылып қалды. 1941 – 1945-те соғысқа салды, Еуропа соғыс майданынан қайтқан қазақтарды Іле бетіндегі, Алтайда Шығыс Түркістан қазақтарына қарсы айдап салды. Одан аман қалған қазақты анау Қытайдың теріскей-шығыс жерін жапон басқыншыларынан тазалау соғысына салды. Сонда бұл қазақтың қырыла-қырыла жеткені бүгін.

Ал Қытай қазағы ше? «Оңшылдарға» қарсы күрес, «солшылдарға» қарсы күрес, мәдени төңкеріс – осында қанша қазақ қырылды? Бүкіл



зиялыңды Тарымға айлады. Өткенде бауырларымыз айтып отыр: 1949-жылы Қытайда 1 миллион 500 мың қазақ болған екен, соның 500 мыңнан 1 миллионға дейінгісі сол Компартия қолынан қырылды дейді. Бұл да – тарихтағы тың деректер.

Ал одан бұрынғы «Дүнген қырғын», «Ақ орыс қырғын», «Орыс қырғындарын» есепте Қытай қазақтарының басындағы. Одан бұрынғы Тибет асқан қырғын, бәрін есептесің – тек қырғын.

III. Қынадай қырылған ата-бабаңды ұмытпа!

Біз көбейейік, бауырлар! Ал көбеюге қандай амал бар? Қазақты «қопиялайтын» аспап таппаймыз, жалғыз-ақ жолы – көбейейік! Көбеюдің жолы – көп әйел алайық. Алла дұрыс көріп тұр ма, шарият 4 әйел алуға рұқсат беріп тұр ма – Алла дұрыс көрген нәрседі бір хикмет бар. Алла дұрыс көрген нәрсені жек көретін сен кімсің? Алла дұрыс көрген нәрсені құптамайтын сен кімсің?! Тоқсан түрлі сылтауды қалтаға сал да, ұлттың мүддесі үшін іске кірісейік! Егер ұрпағың азығынан тағы да басқа қауымдарға құл болмасын десек, шөбереміз, шөбереміздің шөбересі бақытты өмір сүрсін десек біз бүгін іске кірісуіміз керек. Бәріміз көп әйел алайық, көп ұрпақ сүйейік!

Менің жасым – 43-те. Төрт әйелді бауға шамам жетеді. Құдай бой да берген, ой да берген, ақыл да берген. Кейде адуын мінезіміз де бар. Бірақ шариятты ұстанамыз.

Мысалы, менің шарият жолын ұстанатын, намаз оқытын және өте ұлтшыл, қазақ десе жүрегін жұлып беретін қыз алғым келеді. Мейлі ол ажырасқан болсын, мейлі жесір болсын, мейлі оның баласы болсын немесе болмасын, шарият талабына сай болса, болды. Өкелері, уәзілері, туыстары дұрыс көрсе, алғым келеді. Қазақтың бір емес, бірнеше қызын бақытты етуге шамамыз жетеді. Бір Алланың разылығы үшін және қазақтың қамы үшін.

Жә, жігіттер, іске кірісейік ұлт мүддесі үшін! Бірақ мұны күлкі қылуға, нәпсінің әңгімесі қылуға, мазақ етуге немесе тұрпайы әзілдің әңгімесі етуге болмайды. Жігіттер, ұлт тағдыры әңгіме болғанда жеңіл әзілді қойыңдар! Бұл – салмақты, өте салмақты тақырып. Қынадай қырылған ата-бабаңды ойлағанда жын тартып тұрған күлкіні ұмыт! Егер жын тұртіп, әзілге, зинаға, ойын-күлкіге, ырбақ-ғырбаққа қарай бұрып бара жатсаң, қынадай қырылған, осы уақытқа дейін қырылған, осы өткен ғасырдың ішінде ғана сан мәрте қырылған ата-бабаңды бір сәт есіне ал! Сол ата-бабаларың не үшін қырылғанын бір сәт ойлан да, ендеше Құдай ұнатқан шаруаны сен де ұнат! Ұлттың ұлы мұраты жолында, Алаш арыстарының арманы жолында, әр қазақ қолынан басқа ештеңе келмесе де осы шаруаға кірі!

Алматы қаласы

ОЙ КЕШУ

Елуден кейінгі өмір

■ Қазіргі қоғамымызда қызықты өзгерістер жүріп жатыр. Соның біразы адам жасына да қатысты. Кейбір адамдардың түріне қарап, оның жас шамасын айыру мүмкіндігінен қалып бара жатқандаймыз. Түрлі жағдайларға орай жаңа адамдармен танысуға тура келеді. Басында түріне қарап елу жастың ол жақ, бұл жағында болар деп тұрасың. Жасын сұраған кезінде барып, жетпіске келіп қалғандығын естіп, таңғаласың. Оған іштей қызыға қарайсың. Соңғы кездері міне, осындай жағдайды жиі бастан кешіріп жүрміз.

Елу жастан асқан өмірдің оған дейінгі өмірден қандай айырмашылығы бар? Былай қарағанда, ешқандай айырмашылығы жоқ секілді.

Өмір деген ұлы ағын сол бұрынғысына аға береді. Тек уақыттың жүрісі бұрынғыға қарағанда көп жылдамдағанын сезінесің. Көп жағдайда, мұрнына су жетпей жүреді. Тойға барудың қызығы азия түседі. Көңілге алаң кіреді. Өзін үшін емес, бала-шағаң, ұрпағың үшін аландай бастайсың. Осы жағдай ақыр аяғында жастық шақтан дәстүріне енген көптеген қызықтарға шектеу қоюға алып келеді екен. Сөйтіп қарттыққа дайындала бастайсың.

Жұмыстан кейін үйге жетуге асығасын. Жеке басында бірінен бірі айнамайтын күндер басталады. Бірақ көптеген адамдар елу жастан асқанымен қазіргі өмір өзгерістеріне байланысты, жоғарыда айтқанымыздай, жас қалпында қалып бара жатқан жоқ па? Бұдан кейін олар не істеуі керек? Бір өкініштісі, бұл сұрақтың жауабы әзірге біздің

қоғамымызда жоқ. Қоғамды қойып, тіпті бұған біздің мемлекетіміздің өзі дайын емес. Өйткені мемлекеттік қызмет саласында 50 жастан асқан адамдарды қызмет бабында өсіру тәжірибесінің өзі қалып барады.

Айналаңа қарасаң – кілең жастар. Жастық шіркін ұшқыр ғой. Жаңалық ашықсы келіп тұрады. Өмірді өзгеріске бастағысы келеді. Бүкіл әлем бойынша алғанда, қазіргі қоғамның жедел өзгеріс үстінде екендігін еске алсақ, жастарды осы тұрғыдан қолдауға болатындай. Бірақ біздің қоғамда осы жастықтың ұшқарылығымен жасалынған жартықеш реформалар, аяқталмай қалған дүниелер де аз емес қой. Көршіміз дана Қытайда жасы 35-ке толмаған жастар мемлекеттік қызметтегілердің 26 пайызын ғана құрайды екен, соның өзінде төменгі орындаушылық қызметтерде. Біздің ойымызша, мұнда үлкен мән бар.

«Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,



Алды – ойын, арт жағы мұңа жуық» деп Абай атамыз да тегін айтпаған.

Мемлекеттік қызмет салаларындағы үлкен шаруаларды жүзеге асыру үшін жаңа заманға сай білімі бар ұшқыр ойлы жастармен қатар, қоғам мен заман өзгерістерін бастан өткерген, жеке адам мен оның тіршілік проблемасын, отбасы

жағдайын жақсы түсінуге бейім, өмірге деген көзқарасы әбден қалыптасқан байсалды жастағы азаматтардың жұмыс тәжірибесі де аса қажет деп есептейміз. Ал енді қоғамға келсек, 50 жастан кейін адамды өмірге дайындау тәжірибесі біздің алдымыздағы аға ұрпақ өкілдерінде болмаған екен. Өйткені бізде осы уақытқа дейін елу жа-

стан кейінгі өмір қарттық жас немесе қарттық алдындағы жас, яғни қарттыққа дайындалу кезеңі деп есептеліп келген. Біздегі барлық әдебиеттер осы ұстанымға орайлас жасалынған, кинолар да соған сәйкес түсірілген. Қоғамның өзі елу жастан асқан адамды көп дүниеден шектеп тастаған. Міне, осындай жағдай салдарынан мыңдаған адамдар 50 жастан асқаннан кейін өмірге қандай өзгерістер енгізу қажет екендігін білмей дәл болуда. Бұған әркім өзінше жауап беруге тырысады немесе жауап бергісі де келмей бұрынғы өмір ағысымен кете береді.

Ал қазіргі заман өзгерістеріне сәйкес 50 жастан асқан адамның моральдық, азаматтық бейнесімен мінез-құлқы, қоғамдағы орны қандай болу керек? Мұны біз білмейміз. «Елу жастан асқаннан кейін өз қызығымен өмір сүр, өмірдің рахатын көруге ұмтыл немесе алдында тағы бір өмір бар деп есептеп, өзіңді барыңша жетілдіруге тырыс», дейді кейбір замандастарымыз. Ресейлік белгілі психолог Евгений Чвалун 56 жасында тағы бір институт бітіріп, мамандығын өзгерткенін, қазір өзінің жоғары сұранысқа ие психолог екендігін айта келе, «бәрі де елуден асқаннан кейін алдыңызда белгілі бір жоспардың болу-болмауына келіп тіреледі, қазіргі кезде нағыз өмір 50-ден асқаннан кейін басталады», дейді. «Он бес жасында оқуға ынтам артты, отызымда қалыптастым, қырықта күмәннен арылдым, елуімде Аспанның (Тәңірдің) өмірін түсіндім, алпысымда қабілетім ашылды, тек жетпіске келгенде жүрегімің қалауымен өмір сүре бастадым», деген екен ұлы Конфуций. Демек, елу жастан кейінгі өмірдің арғы жағы күн бе, жоқ, әлде түн бе? Мұның жауабы әр адамның өзіне байланысты болса керек.

Сүңге ӘЛШПБАЙ
Астана қаласы

Омарбек ағамды ұстаз тұтамын

(Кезінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы Мақтаарал ауданының әкімі, өндірістік мекеме басшысы және басқа да қызметтер атқарып, өңірдің өркендеуіне елеулі үлес қосқан азамат, көптеген марапаттардың иегері – Омарбек Нұржановтың 70 жылдығына орай)

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Сонан соң «Отызғанда орда бұзбасаң, қыркында қыр аса алмайсың» деген халық мәтеліндегідей, 36 жасында өңірдегі халық саны және экономикалық әлеуеті жағынан ең үлкен «Мақтаарал» аудандық партия комитетінің 1-хатшысы болып үш жылдан астам уақыт еңбек етті.

Бұл жылдар Омарбек Нұржанұлының азаматтық қалпын қалыптастырды. Партия талабына орай бұрыннан табиғатында бар байсалдылығы арта түсті. Бұрын да орынсыз ойын-күлкі, жеңіл әзілге жоқ еді, енді тіптен өзгеріп, сол кездегі басшы кадрларға қойылатын талапқа сай бола бастады.

Омарбек Нұржанұлының шындалу шағы деп, кезінде Кеңес Одағын дүр сілкіндіріп «Мақта ісі» деген атпен ел есінде қалған шулы кезеңді айтсақ болады. Мақтаарал ауданында бірнеше совхоз директорлары орнынан алынып, оларға қылмыстық іс қозғалды. Күнделікті кезексіз бюро өткізу, шаруашылық басшылары мен мамандарының айыбы толық айқындалмай жатып жұмыстан босатып, партиядан шығаруға дейін қатаң жаза қолдану жайлы тексерушілерден нұсқау алу кездері болды. Жүрек ауырды, шарасыздық енесі түсірілі, күйзелгендермен бірге күйзелді. Уақыты келді, Омекең қасындағы екі аудан басшылары Спәкүл Малдыбеков пен Рашид Нұрмановтармен бірге солардың бәрін де қызғыштай қорғап, араша түсті. Бұл істі республиканың сол кездегі басшысы Колбинге де түсіндіріп, өңірге келуіне, сөйтіп көбісі жазықсыз сотқа тартылған азаматтарды арашалап алып қалуға барынша күш салды. Басы қатты басталған іс мүмкіндігінше сәтті аяқталып, жазықсыз жапа шеккендердің айыптары алынып тасталды.

Омарбек Нұржанұлы 1988-дің қарашасынан 1989 жылдың сәуір айына дейін Шымкент облыстық партия комитетінің секретары болып қызмет атқарды.

Сонан соң үш жылдай Қызылқұм (қазіргі «Отырар») ауданында атақты «Темір» совхозына директор болды. Бұл жерде де Омекең қарап отырғанды, өз жерінің игіліктерін бұл жерге де ұсынды: көкөніс өсірді, тон жасайтын цех ашқызды, наубайхана салғызды.

Сол жерде жүріп еңбекте шыныққан Омекең, кәсіпкерлік-ұйымдастырушылықпен бірге ғылыми жұмыспен айналысып, экономика ғылымдарының кандидаттығын қорғады.

Саясатта «Қайта өрлеу» деген термин бар. 1992 жыл, яғни еліміз тәуелсіздікке жетіп, өз алдына ел болып, өз мәселесін өздері шеше алатын жағдайға жеткенде Омарбек Нұржанұлының да өмірі бір қалыпқа түсіп, қайта өрлеу басталған кезі болды.

1991 жылы 16 желтоқсанда елімізде «Тәуелсіздік туралы» заң қабылданып, сол күн ұлттық мерекемізге айналғанына бір ай тоқтамастан ол өзі туған өңірге оралып, екі жылдай аудан орталығына жапсарлас орналасқан іргелі шаруашылық – «Ынтымақ» (бұрынғы аты – «Победа») кеңшарына директор болып келді. Содан соң қатарынан үш ауданға, әуелі Киров ауданына, одан соң «Мақтааралға», содан кейін Сарыағаш ауданына, қайтадан үш аудан «Мақтаарал», Жетісай», «Киров» аудандарынан біріккен, іріленген, халық саны 300 мыңға жеткен Мақтаарал ауданына әкім болып, арасындағы 1,5 жыл үзілісті қоспағанда онда да аудандағы әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы тағдыршешті ұйымды - су шаруашылығы жүйесін басқарды) қатарынан 16 жыл қызмет етті.

Мақтаарал ауданы халық саны жағынан кейбір облыстың деңгейіне жетекәбәл болғанымен, шалғай жерде орналасқандықтан ба, республиканың, облыстан тиесілі ұн ала алмай қала беретін. Осы жылдары ауданда көптеп жаңа мектептер, бұрын құрылысы



басталып, бітпей тұрған аудандық аурухана, емдеу орындары, тұрғын үйлер салынды. Аудан орталығы Жетісайда аудан әкімшілігінің алдында «Тәуелсіздік аллеясы» жасалды, театр алдындағы алаң «Женіс алаңы» деп аталып, қайта жаратқандырылды. Бұларға бюджеттен бір теңге де шығын жасалған жоқ, барлығын әлеуеті жетерлік кәсіпкер азаматтар көтеріп әкетті.

Сарыағаштағы қызмет те ізсіз кеткен жоқ. Қазақтың атақты биі Төле биге Сарыағаш қаласының ортасында, жергілікті кәсіпкер азаматтарды ұйымдастырып, алып ескерткіш орнаттырды.

Адам өз тағдырының иесі, бақытының қожасы. Тағдыр дегенімізбен, сол тағдырды қалыптастыратын Уақыт-мырзаны бетімен кетірмей, өзіне бағындыра білген адамның тағдырды жолы болады. Ол үшін еңбекқорлық, білімін ұштау, табандылық, өз қызметін ұйымдастыру тәсілін құрау қажет.

Халықты алдай алмайсың. Елдің көз алдында жүру – үлкен сын. Біреулерге кеше ғана өз қатарында жүрген адамның бүгінде ел алдына шыға келгені ұнамайды, біреулер жасаған әлдебір өтінішін орындау оның мүддесіне қызмет еткенмен, мемлекеттің мүддесіне, өз ұятына қызмет етпейтіні болғандықтан оны орындауға тартынғанына наразы болады (мұндай қимыл төменнен де, жоғарыдан да болуы кездеседі), біреулерге руы, біреулерге мінезі ұнамайды. Осындайда ел алдында суырылып алға түскен азаматтың

үлгі-өнегесі, адалдығы, әділдігі өзіне қызмет етеді. Жақсыға жаны құмар, жаңашыл адамның жолы өзгелерден бұрын болады. Жеке мүдде, туыстар мен керек адамдарды қолдап, төңіректегі бас шұлғын әлеттенгендерге еріп кетсең аласқаның. Сондықтан басшы адамға біліктіліктен қатар салауаттылық, жігерлік, жетілуге бейімдік керек.

2002 жылы үш аудан біріктіріліп бір аудан болғанда тұрғындар саны 300 мыңға жетті. Осындай Қазақстандағы ең үлкен ауданды Омарбек Нұржанұлы 6 жылдан астам басқарды.

Әрине, елдің бетінде, жердің өтінде жүрген адамға сынақ көп, сөз көп ереді. Ел басқару ісіне келіспеу, ашықтан-ашық болатын өгенділік, өз пікірін басқаны қабылдамайтындар да кездеседі. Осындайда жамандыққа жақсылық екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ірі ауданға басшы болғанда Омарбек Нұржанұлы өз намысын ғана қорғап қалмай, аса икемді мәмілегерлікпен, өзіне ғана бағытталған пікірді де ел мүддесімен ұштастыра, салыстыра қызмет етті. Қашан болса да байсалдылық табытты.

Уақыт – емші. Түсінгендер бірден түсінді, түсінбегендер уақыт өте келе түсінді. Оның бойында біреуге жаман болсын, қолынан келіп тұрғанда тіземді батырып қалайын деген ой жоқ екендігін ел ұқты. Қолынан келгенше азаматтарды қабілетіне қарай қолдады. Өсірді. Өшіруге тырысқан жоқ.

«Өзі жақсы кісіге, Бір кісілік орын бар, - деген мәтел

бар. Білікте жүріп барлық адамға бірдей жақсы көріну оңай емес. Біліктен әркім өз керегін іздейді. Ол – толып тұрған мүдделер қаттығысы. Басшы болған кісі, оның ісінен өз пайдасын іздейтініне де, ондай орынға құмарларға да қалыпты қарауы тиіс.

Әдетте «Кісіні тану үшін онымен бірге бір пұт тұз жеу керек» деп жатады. Бұл - «адамды танып-білу үшін – ұзақ уақыт бірге жүріп, дәмдес, сырлас болу қажет» дегенді меңзейді.

Әйтсе де психологтар «адам ешуақытта өзінің табиғатынан, жаратылысынан ашақ кетпейді» дегенді айтады. Көп басшылардың болмыс-бітімінен, ұстанған саясатынан осы мінездер мен әдеттерді танимыз.

Біздің жерімізді Түркістаннан тартып, Бішкекке дейінгі аралықты ұзына бойы алып жатқан елді әуелі Хиуа, Хорезм хандықтары, кейіннен Қоқан хандығы 370 жыл шамасында иелік еткен. Сол жердің тұрғындарына ұсақтық, өзімшілдік, пайдақүнемдік, күншілдік, екіжүзділік, шамшылық, қызғаншақтық, т.с.с. келеңсіз мінездер жұғып қалған. Соны салыстыра айтқанда, көрші екі ел бірде дос, бірде өш болып тұрады.

Көбіміз білетіндей, философияда: «Адамның мәні, өмірдегі орны мен ролі қоғамдық қатынастар арқылы айқындалады» деген анықтама бар.

Уақыт – өткініш. Кадрларға қойылатын талап та басшылардың өзгеруіне орай өзгеріп тұрады. Омарбек

Нұржанұлы 60 жасқа толғанда өзінен бір саты жоғары басшысының лайықсыз біреуді қызметке орналастыру жайында тапсырмасын орындамағаны үшін жаңа жыл келіп кірерге 6 сағат қана қалғанда қызметінен босатып, орнына басқа басшы тағайындады.

Омекең қызметтен кеткенде шыдамдылық танытып, байырғы су маманы ретінде өмір дейтін өзен жағасында өзіне лайықты сәтін күтті. Ташкент қаласындағы Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы елшілігінің кеңесшісі болып, 3 жыл қызмет етті.

Одан соң Мақтаарал ауданы мәслихатының депутаты болып бір жылдан аса еңбек етті. Бұл кез Омарбек Нұржанұлының пайғамбар жасына келіп, зейнетке шығуымен аяқталды.

Омарбек Нұржанұлы аудан басшысы болған кезде де, су шаруашылығында қызмет атқарған кезде де аудандағы егістік жерлерге, әсіресе мақтаға су жеткізіп беру ісінде асқан мәмілегерлік танытып, суландыру ісін сапалы атқаруға септігін тигізді.

Сонымен қатар, аудандағы суармалы жерлерді қалпына келтіруге, горизонталды және тік дренаждар жүйесін қалпына келтіруге халықаралық қаржы институттарын тартуға барынша ықпал етті. Өзбекстан мен екі арадағы «Зах», «Ханым», «Үлкен Келес» және «Ачина» каналдарында жаңғырту жұмыстарын жүргізуге бақылаушылық жасады.

Адамгершілікке арналған үш сауап бар: Шөлге құдық қазған бір сауап, Өзенге көпір салған бір сауап, Жолға ағаш еккен бір сауап.

Осы үш сауаптан да Омекең құралақан қалған жоқ. Шөлді жоқ жердің құдық қазуы суармалы жерді сумен қамтуды жақсарту болса, бұл істі ол 50 жылға жуық адал атқарып келді.

Көпір салудан да тыс қалмады: облыс басшысына түсіндіріп, ауданның Оңтүстік Қазақстан облысының құрамында болғанымен Сырдария өзеніндегі жалғыз көпір, көрші Өзбек республикасының меншігінде болғандықтан, Қазақстанмен шекарасы жоқ. Сол себепті елдің басқа елдің қолтығында қалуы, жергілікті тұрғындарға қиыншылық әкелетінін айтып, Елбасы алдында бірлесіп мәселе қойды. Нәтижеде ел экономикасы әлі аяққа тұра қоймаған кезде, 1999 жылдың күзінде Сырдария өзеніне көпір салынып, іске қосылды.

Ағаш егу де Омарбек Нұржанұлының еңбек жолындағы негізгі істерінің бірі болды. Санап қараса, өзі ұйымдастырып, басы-қасында болып ескізген ағаштарының саны бес жүз мыңнан асып кететін шығар...


Ол: «Ақылсыз атқа мінсе, Атасын басып кете жаздайды» деген макалды мықтап түсінді. Ешқашан астамшылық, салғырттық көрсеткен жоқ.

Ол: «Адам қайғысы – заман қайғысы» деген қағида ұстанды. Тұрғындар түрлі себептермен қиыншылықтарға ұшырағанда қастарынан табылды.


Туған ауылында мешіт ашты. Мешіт бүгінде жамағаттың имандылық ұясы болып, жерлестерге қызмет етіп жатыр.

Адам жасы ересек тартқанда, туған күнінде, мүшелге толғанда, мерейтойлық даталарда, өзін-өзі не атқарып, қандай деңгейде екенін бағалап, есеп беріп тұрады. Омарбек Нұржанұлы оқу бітіріп, елге орналы 50 жылға жуықтаған кезде, екеуара болған өзара әңгімеде, Аллаға шүкіршілік етіп, мынадай жетістіктеріне қанағат ететінін айтады:

– Отбасы, аман, перзенттер жетіліп, бірі үйленіп, бірі тұрмыс құрып, олардан ұрпақ өрбіп, өз балалары басқа заманда жетіліп, шет тілдерін, жаңа технологияларды игеруде ала алмаған асулары болса, немерелеріне беру әрекеттері жасалып жатыр.



ЖАҚСЫДАН ӨНЕГЕ



Ерден ердің несі артық...

– Туған-туыс, дос-жарандардың арасында абыройлы. – Өмірінен үлгі, өнеге көрген қызметтес ұстаздарын, ағаларын, әріптестерін, басшыларын ұмытпай, әңгіме арасында саяси қаламдағы ұстаздары Көшербай Ыскаков, Дербіс Әлжанов, Спақұл Малдыбековті, достары Қуаныш Төлеметов, Зауытбек Тұрысбековті, қызметтес болған ағалары Шаблан Ділдібеков, Жолдасбай Ералиев, Тойым Жүнісулы, Роман Зұлпыхаров ағаларын құрметпен еске ала жүреді.

– Елдегі болған саяси нақандарда, Президент, Парламент және мәслихат сайлауларында ұйымдастырушылық жасай жүріп, әсіре белсенділік жасағанына қанағаттанады.

– Ауданның әлеуметтік-экономикалық және рухани дүниесіндегі жетістіктерге көңілі толады. Елдің, Жердің, Судың, Мақтанның қадіріне жете еңбек еткеніне риза.

Осының бәрі – Өмірдегі Із. Елдің алдындағы, Ұлттың алдындағы, Ұяттың алдындағы ІЗ!

Бұл із – өміріне наразыларға, жетемін дегеніме жете алмадым, алар асуларымды ала алмадым дейтіндерге сабақ боларлық ақ ІЗ!

Ел көзіне түскен әр адамның жадында: «Білігім болмаса – мен кімін?» Байлығы болмаса – мен кімін?» деген сауал болуы тиіс. Сол арқылы адам билік пен байлықтан басқа, өмірде өз бағасы болуы керектігін ұғынады.

Стамбулдағы базар толы сөздерде «Алланың дегені болар!» деп жазылған түрлі көлемдегі кілемшелер бар. Шынында Алланың дегені болады. Біз тек соған таза, ақ қалымызбен жетісек болғаны.

II. Басына – Бақ, астына – Тақ бұйырған тұлға

Омарбек Нұржанұлымен 7 жасынан 70 жасына дейін бірге келеді екенбіз. Оның мінезіндегі ұқыптылығы, мұқияттылығы, сабырлығы, төзімділігі менің өміріме өнеге болды. Құдай қолдап екеуімізге де есенділігі белгіленген биігі 70-ке толар сәт жақындал келді.

Әсіре мақтау сөздер айтуға бейімделіп алғанбыз. Бір отырғандарда «саусақтан сорып» та киноластырып, мақтау сөздер айтып жатамыз. Социализм кезіндегі данышпанымыз Лениннің: «Житің в обществе и быть свободным от общества нельзя» дегені бар. Мұны Абай дана да: «Әркімді заман сүйремей, Заманды қай жан билемек» деп айтып кеткен, яғни «заманға бақ, шеңберден шыға берме» дегенді нұсқатты.

Осы жерде мен барлық айтқандарымның шын сөз болғанын қалам едім. Сондықтан, Омекемнің өзімді қатыстыра отырып жасаған қайраткерлік қызметі жайында тоқталғым келеді.

Менің аудан көлеміндегі қатардағы көп қызметкердің бірі ғана болып жүргенімде, Омарбек Нұржанұлы маған сенім артып, республика Жоғарғы

Кенесіне депутат болуыма ықпал жасағаны Алла алдында да, аудан тұрғындары алдында да аян.

Сондықтан Омарбек ағамды ұстаз тұтатынымды да жасыра алмаймын. Кейбір кісілер «бұл – ұстаздыққа жаптайды, «маған сенді, сондықтан қолдады» деп айтқаның дұрыс дейді. Бір тілеулестерім, тіпті: «Ол сені қызметке көтерейін деп жатқан жоқ, директорлық орныңды сатпақшы. Мақтаны сатуға қолымыз енді жетіп жатқанда қайда барасың, барма» деп те «ақыл» айтқанды. Бірақ бұл «ақылдарды» гөрі, өз өмірімде жаңа бір белеске көтерілу мүмкіндігі деп танығандықтан, менің өмірімді өзгертуге жаңа бір «шанс» деп білдім. Бұл ойымды айтып, облыс басшысы Зауытбек Тұрысбековке кіргенімде, толық мақұлданды.

Менің ойымша, ұстаз болу – шақырып алып ақыл айта беруден, жеке тәрбиесіне аудан, қаржылай қолдап тұрудан тұрмаса керек. «Ұстазды оңбаған ғана ұмытады» деген сөз бар. Сондықтан, кім не десе, ол дегіңіз, Омарбек ағамды өміріме ұстаз тұтатынымды жасырғым келмейді. Өзінің жасы менен төрт-ақ ай үлкен, бірақ менің әкем сияқты көрінетін. Бүгінгі жасы ұлғайған шағында, бұрын өзіне де айтпаған сөздерімді қазаға түсіріп отырмын.

Мен әуелі Жоғарғы Кенес, кейіннен Парламент Мәжілісінің І-ІІ шақырылымның депутаты болып үш рет қатарынан, 11 жылға жуық қызмет атқарғанымда өңірдегі Мақтаарал, Сарыағаш, Жетісай, Киров аудандарындағы басшы қызметкерлердің ішіндегі ай сайын ретін келтіріп, ұдайы хабарласып тұрған бірден-бір басшы Омарбек Нұржанұлы болды.

1999 жылға дейін ел экономикасы тапшылық жағдайында болған кездер еді, бұл кездері депутат өз өңіріне бәлендей жақсылық жасап, игілікке жеткізді десек, асылық айтқан болар еді. Бұл бір. Екіншіден өңірден сайланған бұрын-соңғы депутаттардың да келесі бір мәселелерді оңтайлы шешкен мысалдары да болған жоқ еді.

Енді депутат болған кезде екеуіміз бірігіп атқарған, қол жеткізген істеріміз жайында баяндағым келеді.

1996 жылдың бастапқы айларында, Омарбек Нұржанұлы маған бірде: «Президент облысқа келген кезінде облыс басшысы екеуіміз Мақтааралдың халқының облыс орталығына қарай қатынауы қиындап кеткенін, тұрғындардың наразылығын айтып, Сырдария өзенінен тікелей өтетін көпір салдырып беруін өтінген едік. Елбасыға кіріп, сол мәселеге қозғау салғаның дұрыс болар еді делі.

Сол сөзге орай, Елбасының қабылдауына сұранып, 15 маусым күні қабылдаудың болдым. Мәселені айтқан кезде Президентіміз бірден: «Жігіттер айтқан, бұл мәселеден хабарым бар. 99-жылы саламыз», деп ток етерін бір-ақ айтты. Содан кейін бақылауға алып, министрлікті жағалап, дайындықтың қай денгейде екенін біліп отырдым. Құрылыс басталған сәтте Премьер-министр Нұрлан Балғынбаевқа кірдім, ол

кісі көп сөзге келмей Көлік және коммуникация министрі Серік Бүркітбаевқа қоңырау шалып, мәселені түсіндіріп, тапсырма берді. Бұл министрге құрылыс біткенше төрт рет бардым. Парламентте сөйлеп, әріптестеріммен бірге қайта-қайта мәселе көтеріп отырдым.

Нәтижеде 1999 жылы қазан айында көпір құрылысы бітті, Елбасы өзі келіп, лентасын қиды. Мені сөз сөйлейтіндердің тізіміне қоспаған екен, сонда да дайындалып қойған едім, шеткерірек тұрған мені Әкімшілік басшысы Сарыбай Қалмырзаев арқылы шақырып алып сөйлетті.

1996 жылы туып-өскен ауданымыздың аты Ленин мен Сталин заманының қайраткері Сергей Миронович Кировтың атымен атала бергені, заман өзгеріп, еркіндігіміз өзімізге тиіп жатқанда, онша лайық болмас деп, Омекеме айтып, Роман Зұлпыхарұлы ағамыз екеуіміз кірдік. Ойымызды бірден мақұлдап, маған: «Ресми жақтарына кірісе бер, мен де Үкімет жағына әрекет етіп көрейін» делді. Аудан атауын түрліше ойластырып, осы өңірдегі аты белгілі Асықата аулиенің атына тоқталдық. Бұл атқа көңілімізді бұрлығымыз бір себебі де бар еді: біздің бала кезімізде, 50-ші жылдардың ортасында, Шардара ГЭС-і салынып болып, Сырдария өзенінің арнасы кенейтіліп жатқанда, сол жердегі су астында қалатын молалардағы мүрдлердің иелері барлығын алып шығып, ел ақсақалдары ХХ партиясы атындағы совхоздың жеріне қайта жерлеуді ұйымдастырған еді. Сол көшірілген мүрдлердің ішінде Х ғасырларда өмір сүрген Асықата әулие де болатын. Бұл атауға құрметіміз – сол бала кезден қалыптасқан естелік еді.

Сонымен, аудан атын өзгертуге ізденіп, ұсынысымызды дәлелдейтін құжаттарды жинастырдым, Үкіметке, онаматика комиссия мүшелеріне хат арнадым. Алдымен облыстық, сосын республикалық онаматика комиссиясына жағалап, кейбір ықпалды кісілердің жұмыс орнына, үйлеріне барып, түсіндірдім. Кейін Астанада тізе қосып бірге жүрген, сыртқа болған Ақселеу Сейдімбек ағамның: «Асанқайғы мен Қорқыттың атын бере алмай отырмыз, қайдағы бір тарихта жоқ әулиені тықпаламашы» деген сөзін естідім. Манаш Қозыбаев: «Қалай болғанда да Киров атауы тәуелсіздігімізге сай келмейді ғой, ұсынысын дұрыс екен, құжаттарыңды толықтырып, еліңнің белгілі адамдарының өтініштерін жаздыр, қолдаймын» деп уәде берді. Бұл сөздерін елдің тынымсыз жақсыларының бірі, әдебиет пен өнер қайраткерлерін құрметтеп жүретін Асан Пұлалов жайында жазылған кітапта Манаш Қозыбаев растапты.

Омарбек Нұржанұлы өңірге барған Премьер-министрдің идеология мәселелері бойынша орынбасары Иманғали Тасмағамбетовке арнайы жолығып, аудан атын өзгерту жөнінде жасап жатқан

іс-әрекеттерімізді айтып, осы мәселенің орындалуын өтініпті. Ол кісі: «депутатыңыз келсін, құжаттары толық болса, шешіп беремін» депті. Мен вице-премьерге кіріп барлық құжаттарды көрсеткенімде, бар-жоғы үш ай ішінде Үкімет қаулысын шығартып берді.

Сол ауданымыздың атауы бір жылдан кейін Мақтаарал, Жетісай, Асықата аудандары бірігіп, Мақтаарал ауданы болып аталуына байланысты тарихқа кетіп қалды.

Аудандағы үлгілі ауылдың бастапқы ұйымдастырушысы, елге атағы жайылған, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаты Сәду Бекеновтің әжесі Кететбай ақсақал жайында Омарбек Нұржанұлымен бірге барып, ауылдастармен кездескеніміздегі депутатқа берілген сауалға орай Үкімет басшысына кіріп, елдің бірлігі мен ынтымағын ұйыстырған, кезінде Түркімен елінен ауылдастарын түгел көшіріп әкеліп сол қолхозды құрып, көп жыл басшылық жасаған Кететбай ақсақалдың атын алып беру туралы екеуіміз бірлесіп, атын алып беріп, бір игілікті іс атқардық.

2002 жылы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министріне аудан жұртшылығының талап-тілегін жеткізіп, ауданда «Қазақстан», «Хабар» арналарын келтіруге ықпал жасадым.

Парламент Мәжілісінің екінші шақырылымы ортамына таап қалғанда Омарбек Нұржанұлы ауылға бір барғанында үлкен бір салмақты мәселе көтерді: «1985 жылы басталып, аяқталмай қалған аудан орталығында салынып бастап, қанқасы біткенде тоқтап қалған аудандық аурухана мүжіліп, таусылып баралды, 17 жыл өтті, қазір экономикамыз түзелді, сол құрылысты аяқтауға қаржы бөліруге кіріссен қайтеді, мына жастан мен де әрекет жасайын» - делді. Ойда жүрген іс еді, бұрыннан да жобалық-сметалық құжаттары жасалып, аудан тарапынан әзірлену басталған еді. Қаржы министрлігінде бірнеше рет болып, ұсыныстарымыз өте қоймай тұрған кез болды, бірақ бұл сөзі сананы оятып, Мәжілісте бюджет жобасы қаралатын сәттерге барлық керекті құжаттарды әзірлеп, облыстағы 9 депутатқа бір-бірілеп түсіндіріп, жазба ұсыныстармен қаруландырдым және депутаттар атынан бюджет жобасына ұсыныс ретінде салыстырма кестесіне енгіздік. Ұсынысымыз талас туғызып, залда талқылау басталған сәтте, ұсыған жобамызды қорғауға жабыла кірістік. Біздің жұмылып, бірігіп отырғанымызды естіген болса керек, бюджеттік комиссияда қаржы бөлуге бізбен талас болып тұрған Қаржы полициясы агенттігі деп аталатын мекемеге бюджет салуға қажет деген мәселеге орай Агенттіктің басшысы біздің біраз депутаттарымызбен хабарласып, сөйлесімді-ақ қоюды айтыпты. Сонда да Төлеби ауданынан сайланған Қуаныш Төлеметов, Сайрамдық Ерағли Сарманов (марқұмдар, имандары саламат болсын) келіп кірісіп, бірлескен отырыста жақсы сөйледі. Біздің өтінішімізбен Тито Сыдықов, Михаил Трошинкин, т.б. депутаттар да бізді қолдап, 250 мың халқы бар үлкен ауданымыз бітпей тұған аурухананы бітіретін, қаржы полициясының музейі күте тұрар деп сөйледі. Дегенмен Үкіметтің шеуніктердің қаржы полициясы жағына бүйрегі бұрыла берді. Осы жерде, біздің бақытымызға орай, үзіліс жарияланып, Үкімет басшысы Иманғали Тасмағамбетов тараптар отыратын биікте тұр екен, жүгіріп қасына барып, апыл-апыл түсіндіріп, аурухананың жөндеуін бастап кетуге 200-300 миллион бергізіңізші, талай жақсылығыңызды көрген едік, 250 мың халық үшін бір жәрдеміңіз болсын, - делдім. Сол сәтте депутат Фариза Оңғарсынова апамыз да келіп қалған еді, мені қолдап, бірге өтіндік. Сөйтіп, мәселенің шешілуіне күмән туып тұрған сәтте аурухана құрылысын бітіруге алғашқы қаржы деп 450 миллион теңге бөлінді. Осылай бақытқа жеттік.

Омарбек Нұржанұлы рахмет айтты. Құрылыс барысында Үкіметте вице-премьер Карим Масимовқа екі рет кіріп, құрылысқа бөлінетін қаржыны қадағаладым. Тасмағамбетовтен кейінгі Үкімет басшысы Даниял Ахметов келіп көріп, жетерлік қаржы бөліртті.

2004 жылы республикалық бюджет қаралғанда Омарбек Нұржанұлы мектептердің екі-үш ауысымда оқитын жағдайын, мектептер арасының ұзақтығын ескертіп осы іске кірісу қажеттігін айтқан соң, нақты ақпараттармен қаруланып, Қаржы вице-министрі Қайрат Әйткеновпен он шақты жылдан бері, Қоршаған ортаны қорғау министрлігінде қызмет еткен кезіндегі қалың достығымызды пайдаланып, аудан мектептерінің мән-жайын толық түсіндіріп, жәрдем беруін өтіндім. Сол кездері құрығы ұзын әкімдер мен дауысы басым депутаттардың сөздері емес, мектеп салу ісін үшке

бөліп: алдымен үш ауысымдағы мектептер орнына, екіншіден мектепке арналмаған ғимараттардағы мектептерге, үшіншіден, тұрғындар саны өсіп, оқушылары сыйыспай жатқан ауылдарға мектеп саламыз деген ереже жасалып, сол тәртіп мықтап ұсталып тұрған кезге тура келген екенбіз, алдағы үш жылда 8 мектеп салуға жоспар жасалып, облысқа жобалық-сметалық және т.б. қажет құжаттарды жасауға тапсырма берілді, сөйтіп 2005-2008 жылдары 5 мектеп салынды.

Ол кезде біздің мерзіміміз уақытынан сәл бұрын белгілі себептермен аяқталып кетті. Өзім құрылысқа қаржы бөліріп, салынуына тікелей араласпам да, бастамасын бастап бергенімді қуаныш етемін. Менің өмірлік ұстаздарымның бірі – Социалистік Еңбек Ері, КПСС-тің XXIV, XXV съездерінің делегаты болған, 2 рет Қазақстан Республикасы, 1 рет Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, 15-ке жуық әскери және еңбек ордендері мен медальдарының иегері Шаблан Ділдібеков, атына сай адам баласының атына айналған асыл ағатайымның айтқан бір сөзімен аяқтағым келеді: «Ел басқару оңай ма?!».

III. Тоқсан ауыз сөздің...

Өр өңірдің өзіне ғана тиесілі проблемалары болады. Мақтааралдың мұны Омарбек Нұржанұлымен бірдей – менің де мұным. Аудан аумағы кішкене болғанымен, «түбін тартсаң түгі шығатын» жеруіміз жер. Ауданның ауыл шаруашылығы өнімдері Еуропаға дейін сатыла бастады. Дегенмен жерімізді ұқсатып пайдалана алмай жүргендеріміз көпшілік. Жалқаулығымыз, енжарлығымыз бар. Көсіп адамның өзі айналысатын ісіне қатынаса жүргенде ғана игілікті болады. Ал, бізде, баяғы көпшелі кезеңнен қалған кісі жұмсап, сыртынан қарап қоян арыла алмай жөн. Бұлай өмір суру қалпы бүгінгі заманға сәйкеспейді. Нарық – қасқыр заман. Өздері ұмтылмағандар, артта қала береді.

Еңсемізді тіктеп, ертеңімізді ойлайық. Титімдей ғана ауыл шаруашылығы жері бізді байытпайды, өмістің күнін кешіп жүре береміз. Тойлар мен құдалыққа, данк пен дақыртқа алдана бермей, талаптың, білімді болғысы келетін балаларымыз бен немерелеріміз болса, оқытайық. Тапқанымызды соларға жұмсайық. «Жанымыздан кетпесін, көз алдымыз жүрсін» дегеннен ұтылып жатырмыз. Мақтааралдың 300 мыңнан астам халқынан өзгелерден ерекше туған, аса озық, білімді, өнерлі азамат неге шықпайтынның көп болып ойланайық!

Заман қатты өзгеріп барады. Балаларымыз өздерін диплом емес, білім алуға бағытталсын. Оқығысы келмегендерлі жалған намысқа ермей, басқа шаруаман айналысуына жағдай жасайық. Ең бастысы – ұрпағымызды иманды, мейірімді болуға тәрбиелейік.

Сөзімді түйіндей келе, Омарбек Нұржанұлының тек ерекше бір ғана қасиетін айт десе: «аудандарға басылық еткен кезде ешкімді айтпастырмай, ішкі ынтымақты сақтап етті» дер едім. Бұл Мақтаарал, Жетісай, Асықата, Сарыағаш, Отырар аудандарының есті азаматтарының көкейінде жүрген ой екеніне сенімдімін.

Осы мінезі оны Парламент Мәжілісінің депутаты болуға жөн келіп тұрған кезде, облыс басшысының өңірдегі тыныштықты көздеп ұсынбауына себеп болды.

Алланың дегені болар! Биік мансап – мақсат емес шығар.

Құрметтейтін Омарбек ағама жазған ізгі сөздерім – осылар!

Астана қаласы.



МЫРЗАЕГЛДІ КЕМЕЛ, ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЫ, МАҚТААРАЛ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ.



ТӘМСІЛ



Құстың үш өсиеті

Бірде кішкентай құс торға түсіп қалады. Айламен тұзағына түсірген адамға: «Қожайын! Бұл өмірде біршама сиыр мен түйелерді құрбан еткен боларсың. Олардың етіне тоймаған сен, мына менің етіме тоймадың анық. Мені босат, ал мен саған үш өсиет айтамын. Біріншісі, қолыңда тұрып айтамын. Екіншісі болса, үйдің шатырына қонғанда айтамын. Ал үшінші өсиетті – ағаштың басында отырып айтамын. Маған сеніп, осы үш өсиетке құлақ асар болсаң, әлемдегі ең бақытты жан боларсың», - дейді.

Әлгі адам құстың айтқанына сеніп, шартына келіседі. Сонда құс:

«Қолыңда тұрып айтар ақылым: кім не айтса да, жөні жоқ дүниеге сенбе!»

Аншы берген уәдесінде тұрып, құсты қоя береді. Құс үйдің шатырына қонған бетте екінші кенесін айтады:

«Қолыңнан жіберіп алған мүмкіншіліктердің артынан оға жеп, өткеніңе өкінебе!»

Екінші кенесін айтқан әлгі құс ағаш басына қонып:

«Үшінші өсиетімді айтпаса бұрын мынаны айтайын: менің ішімде салмағы он дирхемдік өте қымбат, бағалы тас жатыр. Осы тастың арқасында байып кетуіңе болар еді. Сен ғана емес, ұрпағың түгел бай-дәулетті болар еді. Аман нешік, сен ол мүмкіндігінді жіберіп алдың!» - дейді.

Мұны естіген әлгі адам ыздан айқайлап жібереді. Сонда құс:

«Саған «Жіберіп алған мүмкіндіктердің артынан оға жеп, өткеніңе өкінебе», - демедім бе? Бағалы тас қолыңнан ұшып кеткен соң несіне ашынып жатырсың? Әлде менің айтқанымды түсінбей қалдың ба? Мен «кім не айтса да, жөні жоқ дүниеге сенбе!», деген едім ғой. Арыстаным-ай, салмағы үш дирхемге жетпейтін әлгісі торғайдың ішінде он дирхемнің салмағындай жақұт тас қайдан болсын?!», - дегенде аншы өзіне келіп:

«Жарайды, олай болса, үшінші кенесінді айта», - дейді.

«Саған екі рет құлақ асар деп өсиет айттым. Енді үшіншісін сұрап тұрсың ба? Ұйқыда жатқан адамға өсиет айту – сортан жерге дән еккенмен тең» - деп самғап кете барыпты әлгі құс.

Надандық пен білімсіздік ешбір жамауға келмейді. Олай болса, ондай жаңдар үшін даналық дөңегін бекер сарп етудің қажеті жоқ.

muftat.kz



Аятқа себеп ауызашар

Пайғамбар (с.ғ.с.) мемерелері Хасан мен Хусейн кішкене кездерінде ауырып қалды. Уайымдаған Әли мен Фатима (р.а.) балалары жазылғанда, шүкіршілік ретінде ораза ұстай бастайды.

Алғашқы күні ауызашарға дайындаған тамақты енді ауызға ала бергенде, қайыр сұрап келген жетімдерге қиды. Өздері ауыз ашпастан екінші күні оразаға ниет етті. Екінші күні де ауызашарға дайындаған тамақты «Құдай үшін беріңдерші» деп келген кембағалдарға берді. Бұл кеште де ауыз ашпастан үшінші күнге ауыз бекітуге ниет етті. Үшінші күні де дәл осы жағдай кайталанп, ауыздарынан жырган асты табалдырыққа келіп көз сүзген жалыншыты тұтқындарға берді.

Кейіннен осыған қатысты аят түсті: «Олар уәдесін орындады. Ұзақ әрі тоқтаусыз қиямет күнінен қорыққандықтан, өздері ұнатып іштей қалап тұрған тамақты бейшараға, жетімге және тұтқындарға берді. «Біз бұларды Алла тағаланың разылығы үшін қидық. Сендерден қайтарым ретінде алғыс та, ештеңе күтпейміз», - деді. Осы себепті оларға Хак тағала Тахур шарабын ішкізді» («Инсан» сүресі, 7-9, 21).

Құдайберлі БАҒАШАП

Жаманбай батыр Жаулыбайұлы

Бисмиллаһир Рахмани Рахим

Қазір еліміз; «Болашаққа бағдар; рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруда өткеніміз бен тарихымызды қайта қарап, барымызды қастерлеу, жоғалтқанымызды қалпына келтіру жұмыстарын жүйелі жүргізіп жатыр. Бұған қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдерімен қатар иманы бар ісі қазақ өз үндерін қосып, егемен елдігіміздің шоқтығын биіктетуде. Осы орайда мен де ел тарихында өз орыны бар, әсіресе күлі түркі халқының ата жұрты Түркістан тарихында ойып алар орыны бар Жаманбай батыр Жаулыбайұлы туралы кезінде бастап аяқсыз қалдырған бір әңгімені қайта жаңғыртып, осы макаланы жазғанды мақұл көріп отырмын.

2002-шы жылы Түркістан қаласында Жаманбай Жаулыбайұлының ағасы Қоңыр сопының 400 жылдығы деп дүрілдетіп (Бірақ, бұл дерек аздап дұрыс көрсетілмеген. Ширек сасыра жуюық айырмашылық бар. Б.А.) атамыздың өз кіндігінен тарқаған ұрпақтары ас берген соң, іле республикалық бірсыпыра басылымдардың бетінде інісі Жаманбай батырдың да 400 жылдығын атап өту керектігі жайлы ел назарын аударарлық біраз мақалалар жарық көрді. Солардың арасында менің есімде қалғандары 2003 жылы еларалық «Қазақ елі» және «Қазақ батырлары» газетінде қосарлана жарияланған «Жаманбай батырдың жанашырлары жоқ па?» - деген мақаланы құптап «Заң газетінде» «Түркістаннан Жаманбай батыр тарихын бөле қарауға болмайды», «Үкіметте мін жок, әкімдікте үн жоқ», «Жазылмаған тарихымың жолдарын, ауызекі тақызыңнан іздедім»... деген тақырыптармен бірінен соң бірі бірнеше зерделі топтама мақалалар жарияланды. Не керек, қолға алынған осы игі бастаманың аяғы Оңтүстік Қазақстан облысының сол кездегі әкімі Б.Жылқышевтен қолдау тауып, соның нақтылы дәлелі - 2007 жылдың қазан айында Жаманбай батырдың 400 жылдық мерейтойын республикалық дәрежеде атап өту жөніндегі ұсыныстары ҚР Премьер-Министрінің 2005 жылғы 18 сәуіріндегі №94-ө Әкімімен бекітілгені, тіпті, тойды өткізуге 75 млн.700 мың теңге шығын жұмсау сметасы жасалғанын, Түркістанда мерейтой аясында «Жаманбай батырдың Түркістан тарихындағы орыны» атты республикалық ғылыми практикалық конференция өтетінін, батырға арнап ескерткіш орнату мен мұражай ашу мәселесін де қолдайтындықтарын редакцияға хабарлап, ол жөнінде жасалынған нақтылы іс шара сол кезде газет бетінде қоса жарияланған.

Жарияланған осы мақалаларды қостап 2006 жылдың 23 тамызында аталынған «Заң газетіндегі» 153 санында «Жаманбай батыр Жаңақорғанға да жат емес» Қызылорда облысының әкімі Икрам Адырбековтың назарына» деген тақырыппен менің де мақалам жарық көрген болатын. Мақалада Оңтүстік Қазақстанда қолға алынған бұл шараның Қызылорда облысында да жалғасы табылуы керектігі алға тартылған. Өйткені, Жаманбай батырдың өрбіген ұрпақ бүгінде осы облыстың Жанақорған ауданының алпыс- жетпіс пайызын қамтып отыр. Демек, Жанақорғандықтар да бүкіл ісі түркі жұртшылығының мақтаншы Жаманбай батырды ұмытпауы тиіс.

Осы орайда Жаманбай батыр туралы айтқанда мына деректі жұрт жадына салғанды мақұл көріп отырмын. 1723 жылы Қаратаудан бүкіл құлдар, (Ұлы жүз бен Орта жүздің ру, тайпалары), осылардың қабатында осы маңда тіршілік еткен Көктің ұлы, Көтенші және Құлшығаштан басқа қоныраттың ұрпағы саналатын 29 баласы да сол «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретінен босқыншылыққа ұшырап, «Елімайлаң» зар жылап, Орталық Азия мен Жиделі Байсыңға бас сауғалап жер ауып көшкенде, қасіретті Түркістанға келген қасіреттің ықпалында кетпей, қайта сол бір ең даланы күніренткен ботадай болашақ зардан өздерінің бойына қайтар жігер жинап, «Түбі түркінің ата жұрты атанған Түркістанды жау қолында қалдырмаймыз» - деп Ата жұрттарын жау қолына қалдырғылары келмеген жау жүрек Жаманбай мен оның есімін ұран еткен бес баласы және ет жакын туыс бауырлары «ұлы көшке» ермей қалған. Сол тарихи қасірет «ұлы көш» орын алған кезде тарихи шыңдық, бүгінгі қазақ жұртынан Түркістан маңында Жаманбай мен оның ұрпағынан басқа ешкім қалмай босып кетті. Сол кеткендердің аяғы не болды;

...Ата жұрттан ауғанға - әруақтың болса наласы,

Тіршілікте қиын шығар жаназа мен қазасы - деген сол кездің зарлы өлең жұрнақтары ызың-ызың емексіп, бүгінге жетіп жатыр емес пе. Басқа босқындарды қайдам. Ата жұрттан түре көтерілген қоныраттың сол 29 ұрпағы сол күйі барған жағында лақай, кірме болып ізім қалым жоғалып кетті.

Осы сөздің амтылы дәлелі – кезінде Қарабурамен қатар өмір сүріп, қазақтың ата жауларымен қасық қаны қалғанша шабысқан, үлкен ұлы Құрманға сол әулиенің сұлту қызы Жансаңы құда түсіп алып берген, Жаманбай батыр сүйегінің Қаратаудың ең биік шыңы «Жамантасқа» қойылуы, зиратының сонда орналасуы, шығысы - Созақ, батысы -Қарақалпаққа дейінгі аралықты батыр ұрпақтарының күні бүгінге дейін өз ата мекені етіп отыруы. Осы дерек, осы тарих бүгінгі ұрпақтары ауызынан мақтаншыпен айтылуы керек! Бүгінгілер, Жаманбайдың бес баласына таңалған «Қыл белбеу- Құрбан» сөзін де терен



Қ. Әжібекулы, фрагмент

ұғына білулері керек. Жаманбайдың жалғыз ағасы әулие Қоңыр сопының зиратында жазылған «Жіненбет - Батырым, Борай - ақылым, «Қыл белбеу Құрбан - Құлдайдан кейінгі жақыным» - деп ол кісінің өз ауызынан айтылған, ел құлағында қалған жанды сөзінде ұққанға үлкен мән бар. Құрбан да – әулие. Әулие кім? Өз заманында елді аузына қарата білген дана, сол елді әділ жолмен басқарған имани тұлға. «Қыл белбеу» - соны қуаттап, сол кездің ең мықты үзілмейтін орамы - қыл арқанмен белініп, жауға қарсы тұрған қас батыр азаматтардың сұсы. Белін мықтап бұмай қай батыр қас дұшпанына қарсы тұрған. Белді буар белдіктің әкесі – о заманнан қыл белбау аталған. Өз заманында осылай тіршілік еткен Құрбан Ата әулие мен оның төрт тірегіңдей болған інілерінің есімдерінің өзі өзгелерге өнеге сабақ болуы керек. Ноғай есімі – кезінде қоныраттан шыққан, Ноғай ордасын билеген, әйгілі Ноғай батыр бабаларының есімін ұлықтап тұрса, Жауғашты батыр – атына заты сай, тауған жеріне аяқ басқан жауын түре қуып, мысын қашыраған тұлға. Сол кездеге елден ерен қара күштің егесі атанған Таңатар болса, қас батыр ғана жанына серік етіп жауына қырғидай шүйілген киелі қаруының қауқарлы атымен Шоқпарлы атанса, кенже інісі, салмағын атан түйе эзер көтерген Мәмбет те жауыңа ағасыңдай ата жауын қирата тиер алдаспан айбаты үшін Қира баһадүр атағын алған. Тіпті Құрбан деген есімінің өзін баласына - діңгегінде діні бар Қоңыр сопының туған інісі Жаманбай батыр сияқты адам ғана қойса керек. Бұлар кешегі Алтын Орданың абыройын сақтап қалу үшін жанын берген Едіге мен, ханнан да қаһарлы болған иманды Нағанайдың нағыз ұрпақтары. Ата жұрттарының күні бүгінге дейін тапжылмаған бұл батырдың ұрпақтары 1726 жылы Жоңғарға қарсы жер жерден құралып келген үш жүздің қурылтайы өткен «Таңбалы тасқа» жиналғандарды дастархан-дарын жайып күтіп алғандар, одан кейінгі Абылай ханның тұрақты әскерінің де негізін құрағандар екенін Шоқан Уәлихановтың өзі куәлік етеді. Ізденген жан Жаманбай мен оның батыр ұлдары туралы әйгілі Майлықожа, Құлшынақ, Шәді мен Нұртілла ақынның жырларын оқып қанығуларына да болады. Жауғершілік заманда осылай бүгін бола білген Жаманбай ұрпақтарының сол ынтымағы ешқашан да елдірі тартпауы керек.

Мен кезінде жарияланған осы мақаламды аудандық әкімшілікке шара қолдану үшін жолдағанымда аудандық Мәжілет және тілдерді дамыту бөлімінен - «...Жанақорған аудандық кенті орталығынан бір қойшаға және Талап елді мекені мен Бесарық су қоймасына Жаманбай батыр Жаулыбайұлының есімін беру жөнінде алдағы болатын аудандық ономастикалық комиссияның кезекті отырысына ұсынылады» (17.04.2014 ж. №120) - деген бөлім бастағы А.Айдосованың атынан жауап алғанмын. Әрине, Жанақорғандық Жаманбайдың ұрпақтары өздері тұрып жатқан аудандарындағы ауылдарына батыр бабаларының есімін біріт, осылайша ұлықтап жатса қуана құттарлық жайт емес пе. Оның үстіне бүгінде Бесарық әкімдігіне қарайтын Талап пен Юбилей- ный аталатын екі кенттің тұрғындары түгелдей Жаманбай батырдан өрбігендер. Бір ескерттер жайт, 2006 жылы осы әкімшілікке Бесарық атын беруде асығыстық орын алып, қателікке жол берілді. Бұрын бұл екі кент Бесарық ауылдық кеңесінің қарамағында болғаны рас. Бірақ Бесарық өз алдына әкімдік атын алған соң, ол «Талап әкімдігі» деп аталамай, ол ат сол кент орналасқан жерге қалдырылып, жаңа әкімдікке сол кезде-ақ Жаманбай аты берілуі керек еді. Солай атау орынды да

болатын. Бұлай айттып отырғаным Бесарық жері ау бастан Жаманбай батырдың Ноғай атты баласынан тараған ұрпақтары тұратын Ата жұрты. Бесарық атауының бүгінге дейін ығымымен көтеріп келген осындай тарихи ауыр жүгі бар. Талап пен Юбилейный осы ұрпақтардың өсіп өнуімен кейіннен өмірге келген елді мекен атаулары. Оның үстіне бұл екі елді мекен әкімшілігіне Жаманбай батыр бабаларының есімі беріліп жатса пәлендей жаңалық та емес. «Бесарық» өзенінің екі жағына иіні тіресе аралас құралас орналасқан бұл екі елді мекен де кешеге дейін тарихта болған «Жаманбай болысы» деп аталған болыстық құрамында болған ауыл. Ия, кешегі орыс патшалығы кезінде бұл болыс атауы осылай аталынған. Бұл болыстықтың қарамағына 1880 жылдарға дейін 11 елді мекен қараған. Орыс патшалығының мың құбылған шовинистік саясатымен бұл ауылдар сол кезде бірде Түркістан уезіне қараса, бірде Перевскі уезіне, тіпті Кокан, Бұхара, Жызақ уезіне де қараған кездері болған. Болыс атауы да бірде Сауран, Жанақоған, Сырдария атанса, бірде №3, бірде №5 ауыл деп те өзгертілген. Бұл деректі нақты білгісі келетіндер, ғылыми еңбек «Қонырат тарихы мен шежіресі» («Құрсия» баспасы, 2016 ж) кітабы мен сол шежіренің жазылуына негіз болған тарихи мұражай қоры – ӨРОММ, ҚРОММ-нан табуларына болады. Аудан әкімшілігі қолға алынатын бұл бірлік, түптеп келгенде тарихта бұрын болған ауыл атын әділдікпен қайта қалпына келтіру ғана болып шығады.

Мұрағаттағы шежіре ауызға алынып қалды ғой, осы орайда тәрбиелік мәні бар мына бір дерек-оқиға ұрпақ жанды жүрсін деп түсіндіріп айта кетулі де мақұл көріп отырмын. Тарихын айтсақ, бүгінгі Бесарық әкімшілігінің жер көлемі Қаратаудан Сыр асып сонау Қарақалпаққа дейінгі жайылған аралық Жаманбайдың бес баласының ортаншысы Ноғай ұрпақтарының еншісіндегі ата қонысы. Ағасы Құрманның балалары о баста суы мол Қаратаудың батыс тұсығындағы Құттықожа бастауында орналасқан. Осы атаның ұлы Кішікінің екі баласы арасында сұға байланысты реніш болып, содан Шегірі өз ұрпақтарымен Отырар алып көшіп бара жатқанда, әкесінің інісі Ноғай ағасы оны көріші үлкен ағасы Жауғашты ауылына жеткізбей, алдарынан сауға сұрап шығып, көшті тоқтатып, өздерінің ілігіндегі атына заты сай «Бесарық» аталып бес арық болып ағып жатқан сұдың, Жауғашты бауырымен шектесер шығыс бөлігіне жайғастырып, сол бір арық сұды өздеріне еншілеп беріп, бауырлық ынтымақтастығын көрсеткен. Содан Шегірі ұрпақтары күні бүгінге дейін осында өсіп өніп келеді. Содан бергі уақытта арада он аталық уақыт өтті. О бастан бауыр ағайын, бүгінде жеті атадан асқан соң, қыз алысып қыз беріскен көрші екі үлкен ауыл болды. Ел көбінесе, тіршілік түйткілі бар, дос бар, дұшпан бар, арада әңгіме де көбіейді емес пе...

Мына сілтеме жасап көрсетіліп отырған мұра жай құжаттарына көз салсақ ағайынды осы екі туыстың арасына орыстардың жыммысы арандату әрекетімен 1874 жылы Түркістан уезінің «Алты ата» және «Жаманбай» болыстары арасында Бесарық өзені бойындағы су үшін дау болғаны туралы тарихи хаттама құжат сақталыпты. Осы жылы «Алты ата» болысының құрамындағы 500 үй ноғай руы мен «Жаманбай» болысы құрамындағы Шегірдің 150 үйі арасында орын алған су дауы мәселесін шешу үшін, осы екі болыс қарайтын уездің 11 болысынан 22 би төтенше съезге шақырылған. Дауға билік айтуда «Жанақорған» болысынан Тасболат Кенжин, Айжарық Аргынбеков,

«Тама» болысынан Келдібай Атақов, «Сырдария» болысынан Қуандық Қартабаев, «Божбан» болысынан Алдаберген Мырзабаев, «Қожанбай Тұяқбаев, «Маңғытай» болысынан Шоқат Бабаөвстарт қатысқан. Өз билігі мен мәртебесін көтеруде мәселені ұшықтыра білген сол кездегі Уезд бастығы Чеботарев өз жарлығымен Төбе би Баймен Сағындықовты съезд барысында басқа бимен ауыстыруға дейін барған. Аға болу онай емес, сол кезде де ноғайдан өрбіген ұрпақты өздерінің ағалық жолынан жаңылмаған. Олар; «Атамз» қауыштырған Шегірі бауырларымызбен алдағы уақытта да ынтымақта өмір сүреміз, таластары екінші арық болса оны да береміз» - деген бауырлық пәтуға келген соң, Бесарықтың шығыс жағындағы екі арықты шегілерге мына жағындағы үш арықты ноғайларға беру туралы билер съезінің шығарған шешімін уезд бастығы Чеботарев бекітіп беріп, сол Жарлық күшіне енгізілген.

Мұрағаттағы бұл деректі неге алға тартып сөз етіп отырмын. Бұл деректе де күні кешеге дейін бұл жер «Жаманбай болысы» - деп жер атауы көрсетіліп тұрғанын айтумен қатар, туыстық, бауырлық, ынтымақтың бастауында Жаманбай батырдың аты мен рухы тұрғандығын, оны ұрпақтары сол қалпында құрметтеп өтуі керектігін ақсақалдықпен ескерту. Қазір осы екі атадың баласы бір әкімшілік аясында ұйысып отырған соң, тарихи ескі атауымен «Жаманбай әкімшілігі» аталып жатса, өткенге құрмет, кейінгі сабақ деген ой.

Кезінде Жанақорған әкімшілігін алған осы жауап хаттың соңы аяқсыз қалып қойғанын білдім. Қолға алынған қай нәрсенің болмасын соңында іздеушісі жүрмесө осылай аяқсыз қалатыны мына заманда қалыпты жағдайға айналып отыр ғой. Сондықтан өзiм көтерген мәселеге қайта оралып, қайта мақала жазып, соның

Бисмиллаһир Рахмани Рахим
Түбі Түркі - Түркістанның маңында,
Жаны айналған самат жез мен сағымға.
Батыр баба Ер Жаманбай жайғасқан -
Бар сұмыры өткен от пен жазында.
Тұмарындай - Қазақстан төсінің,
Қарашықтай қорғап Түркі бесіңін,
Ұрпағына аманаттан қалдырған
Ұмытпайық, ер Жаманбай есімін!
Ұмытпайық, ұмытпайық бабаны,
Бізге керек әруақтардың сабағы.
Тәу етем деп, Түркістанды ізбеген,
Ол бәрібір - Жаманбайды табды! - деп түйін- дегім келіп отыр. Есімі жырға айналған, ел аузында жүрген баһадүр Жаманбай Жаулыбайұлының есімін ұлықтау әр қазаққа парыз!

Алматы қаласы.



БАҚТЫБАЙ АЙНАБЕКОВ, ӘЛ ФАРАБИ МЕН ЯССАУИЙДІҢ ҰСТАЗЫ АРЫСТАНБАБ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ІЛІМ ҚОРЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ, ІЛІМГЕР-ЖАЗУШЫ. +7 (701) 743-09-79

ДӘРИС ДӘПТЕРІ

СПОРТ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда дамыту



ЖАЗИРА ЖАКИПБЕКОВА,
№66 "ТОЛАҒАЙ"
БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ӘДІСКЕРІ,
АСТАНА ҚАЛАСЫ.

Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне зор көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану әрбір ұжымның тапқырлық пен іскерлікті, ізденімпаздық пен шығармашылықты талап етеді. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы»-деген ұғлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби-ойын әрбір ұстаз, әрбір тәрбиеші, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса нұр үстіне нұр болар еді. Оқу мен тәрбие бір-бірінен бөлек алынп, қаралмайтын күрделі процесс. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға үлгілі тәрбие берудің маңызы зор. Кішікенті әбелерінің ата-анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезін істерге тұрғысынан, сөйлеген сөзінен, жүрген існен үлгі алуға тырысады. Осыған орай Майжан Жұмабаев өзінің ұлағатын бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып

шығармай, келесек заманына лайық қылып шығару керек». Мажан атамыз айтқан даялық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ керек екенін айқындайды. Ойткені елдің ертеңгі іргеі жасар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда тәрбиешілер жауымына үлкен жауапкершілік артылып отыр. Бала тәрбиесі тек тәрбиешінің емес, баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, Мектептің де, мақсат мүддесі біреу, ол заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Бүлдіршіндеріміз балабақшада бірінші өз-өзіне қызмет етулі үйренеді. Тәрбиеші көмегімен жуынып, киініп,сүртіндеп, бір-біріне көмектеседі. «Рахмет, кешір, өтінімін сөздерін айтуды үйренеді. Топтағы ойыншықтарды жинау, оларды негіздеп, топты таза ұстауды үйренеді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қажет ермек саз, тактиана, қылқалам т.б. заттарды дайындауға көмектеседі. Сөру-ен кезінде гүлдерді қосыту, шөптерін жууды, ойын алаңын таза ұстауды үйренеді.

Міне, осылайша біз бүлдіршіндерімізді тазалыққа, әдептілікке, кішіпейілдікке, еңбекке шақырып бөлдіміз. Өзіне әрбір жасалынан істен кейін «жарайсыңдар балалар!» Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәреңдеді!» – деп айтуымыз шарт. Себебі осы сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді.» ТРибонца айтуына баланың шығармашылық қабілеті тәжірибелігіне байланысты дамыду»-деп тұжырымдайды. Баланың қиялы ересектерге қарағанда әлсіз. Бала қиялының дамуы біртіндеп шамасына қарай қабылдауынан басталады. Қиялда болатын барлық образдар қаншама таңқалынды болып көрінгенінде баланың өмірден көрген, білгеннен негізделеді. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие адам қалыптасуының алғашқы бастапқы балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшептеі із қалдырады. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі



Головкинді ұрып жыққаннан кейін, допинг жайлы ешкім де есіне түсірмейтін болады – "Канело"

■ Осыған дейін "Канело" Головкинмен 5 мамырда өтуі тиіс екінші жекпе-жек алдында допингпен ұсталуына кімнің кінәлі екенін айтқан еді.

Екі салмақ дәрежесінде бокстан бұрынғы әлем чемпионы Сауль "Канело" Альварес (49-1-2, 34 KO) қазақстандық боксшы Геннадий Головкинді (38-0-1, 34 KO) 2018 жылы 15 қыркүйекте жеңгеннен кейін допинг жайлы әңгімелердің тоқтайтынына сенімді. Быыл ақпанда мексикалық боксшы допинг сынамасын тапсырып, екі рет оның қан құрамынан глютеболер препараты табылған еді. Оның командасы бұзылған еттің себебін осындай жағдайға дұшар болды деп ақтады. Альварес 5 мамырға белгіленген жекпе-жектен бастап артық допинг тапсырды деп айтты. Олар мені аз уақытқа ғана жазалады. Олар білді, - деді

Альварес Las Vegas Review-Journal басылымы берген сұхбатында - 15 қыркүйекте мен оны (Головкинді) жеңгеннен кейін допингпен ұсталғаным жайлы айтпайтын болады". Осыған дейін "Канело" Головкинмен 5 мамырда өтуі тиіс екінші жекпе-жек алдында допингпен ұсталуына кімнің кінәлі екенін айтқан еді. Осы жағдайдан кейін мексикалық боксшы мүлдем ет жемейтінін айтқан еді. Еске сала кетейік, Головкин мен Альварес арасындағы екінші жекпе-жек 15 қыркүйекте Невада штатының Лас-Вегас қаласындағы T-Mobile аренасында өтеді. Осыдан бір жыл бұрын қос боксшы осы аренада кездесіп, өзара мықтыны анықтай алмаған еді.

kaz.vesti.kz

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жаңашыл тәсілдерді пайдалану



ЖАНАР БАЙТҰРЕЕВА,
№79 "ШАБЫТ"
БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ТӘРБИЕШІСІ,
АСТАНА ҚАЛАСЫ.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесін жетілдіру стратегиясы мектеп жасына дейінгі балаларды жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптастыру мәселелерінің ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланысты екендігін жеке мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып, басты қажеттілік ретінде қабылданған еді. Бағдарламаның басты мақсаты - Экономикалық және азаматтардың алуақатынын тұрақты дамуын қамтамасыз ететін білім беру жүйесінің босаңсауына қауіпсіздігін арттыру, адами қабілетін дамыту үшін оны түбегейлі жаңарту болса, осының ішінде мектепке дейінгі тәрбие берудің басты мақсаты - 1 жасқа 6 жасқа дейінгі жастағы балаларды сапалы тәрбиелеу деуге мектепке дейінгі тәрбие берудің тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі бағдарламаларына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Дәл осы кезеңде баланың жеке тұлғасының дамуын анықтайтын құнды бағаттар, алғашқы адамгершілік тусініктері, сезімдері, әдеттері, қарым-қатынасы қалыптасады. Мектепке дейінгі білім беру үздіксіз тәрбие берудің алғашқы сатысының жеке балаларды ерте шақтан әлеуметтендірудің әлемдік үлгісі болып қала береді, өйткені тәрбиелік үдерістің үздіксіздігі бала өмірінің келіңкі жағдайына байланыстырады. Сондықтан да мектепке дейінгі мекемедегі баланы дамытушылық және жеке тұлға ретінде қарай отыра оның қызығушылықтары мен құқықтарын түсінуді және құрметтеуді қажет гуманитарлық жаңа жолына бағыттағанын жүйесін қалыптастыру. Абул башасында мектепке дейінгі балаларды оқытып тәрбиелеуде және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дамытуда барлық жағдайлармен қамтамасыз етілген. Балабақшаларда мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған ағалық тілі, біз сабақтарын жүзеге асыру бойынша түрлі оқу іс-әрекеттер жүргізіледі.

Денсаулық сақтау саласында бала денсаулығын нығайту шынықтыру, ауықтық мақсаттарында мекеме медициналық блок, физико кабинеті, дене шынықтыру, эн-күй, би залдары замануи жаһаздармен толық жабдықталған. Психологиялық салада:баланың жеке танымылық, эмоцияланды дамуына әсер ету қамқор болу мақсатында мекеме психологты тәрбиешілер мен жеке мамандармен тығыз қарым-қатынас жасайды. Бала дамуын қалыптастыратын тәсілдерді зерттеу және қолданып жүру, психикалық процестердің, баланың мектепке психологиялық және ынта жағанын даярлығының мониторингін өткізу:Әлеуметтік салада:баланың рухани - адамгершілік және әлеуметтік дамуының негіздерін қалыптастыру бағыты ала қойылаын. Басқару саласында:мекемеде педагогикалық ұжымды белсендіру, шеберліктерін арттыру мақсатында ғылыми-әдістемелік жұмыстың жүйесі қалыптасқан. Оған педагогикалық қызметкерлердің зерттеу жұмысы мен жобалық іс - әрекет тәсілдерін меңгеру мен жалпылау жоспарланған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңызын

арттыру жалпы дүние жүзілік тенденциялар санна жатады. Балабақшаларға баратын балалар аз ауырды, білім берудің барлық деңгейлерінде білімді тез қабылдайды, жалпы өмірде табысты болып келеді.Мектепке дейінгі білім беру уақыты бала дамуының анағұрлым белсенді кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде мектепке дейінгі жастағы балалардың ұлттық рухани-мәдени құндылықтар негізінде дене, нерв-психикалық, ой-өрісі сияқты өмірлік дағдылары қалыптасады. Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделуі болып табылады. Қазақстан Президенті әлемдегі босаңсау қауіпін 30 елдің қатарына республиканы кіртізу туралы мақсат қойған болатын. Осы мақсатты жүзеге асыруда білім беру жүйесін дамыту маңызы рол атқарады. Жарын башақтық тамырын терең, тұтырын бай жасаймы деген ой мақсатымыз іргі іспен көмеркерлігі, үзілсіз жүйемін орлип жатса, еліміздің әрбір азаматының арманы орындалып жатыр деп ұғынуға болады.

Қоғамның болашағы – бала тәрбиесіне байланысты



РАУШАН АРТЫМКОВА,
№66 "ТОЛАҒАЙ"
БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ТӘРБИЕШІСІ,
АСТАНА ҚАЛАСЫ.

Бала үшін дүниеде ең жетіген, білімді де, мәртебелі адам – оның ата – анасы. Ал, ең әдемі де жарық үйі – оның туған үйі. Жас баланың дамуында ата-ананың орыны ерекше, сондықтан ата-ана өз отбасында қолысыз жағдайларды баланың көзіне тудырмауға тырысуы қажет. Отбасындағы ұрыс-керіс баланың жүйесін тоздырады. Кейбір ата-ананың өз перзентін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді. Ал мұндай көріністер тәкаппар болына кері қасиет пайда болуына тікелей жағдай тууына себеп болады. Ата-аналар балаға отбасылық өмірдің аулаң түрлі, қыра мен сырын дүние жұмбақтарын таанытып, тағылым талғамаға, әдептілікке баулуға тиіс. Себебі, ата-ананың күндізгі өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнесі, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы – балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата-ана өз үлгі бола отырып, баласын сабыршылыққа тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін-басты тұлға. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті ойын. Сондықтан


оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ең салмай осер бала бола ма?» – деп айтқандай баланың өмірінде ерекше орын алады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына икнал ететін тәрбие құралы. Ойын баланың барлық қабілетінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кенеюіне, тілінің дамуына, құрбыларымен жақындауына көмектеседі. Өйткені бала нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, мейірімділікке, еңбек етуге тәрбиеленуді құрала ойын. Осыған орай бүгінгі күндері тәрбиешілер алдында балаға білім, білім дағдыларын игеріп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімін, ерік-жігерін жан-жақты етіп дамыту міндеттері тұр. Болашақ қоғамымыздың тағдыры да бала тәрбиесіне тікелей байланысты. Қоғамды дамытушы да, ігері апарушы да осы жас жеткіншектер. Тәрбиенің сан қилы дағдыларын бала бойына дарытатын алғашқы білім басындағы – балабақша, жол сілтеп, жетелен, үйретуші – тәрбиеші.

Балабақшадағы тәрбие – қазақи ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан парасатты, адамгершілік қадір-қасиеті мол, физикалық және моральдық бағары бейнесі және адамды қалыптастыру шығару процесі болып табылады. Тәрбиелеу мен білім берудің әрекеті практикалық процесс үстінде қалыптастырылады. Тәрбиелеу мен оқытудың міндеттері баланың осы іс-әрекет түрлерін қалыптастыру және оны белгілі бір мақсатқа бағыттап отыруды көздейді. Ойнау, еңбек ету, жеке білім алу барысында ақыл-ой, адамгершілік, физикалық және көркем тәрбие, даму процесі қатар жүреді. Бала осы кезде белгілі дәрежеде білім алады, іскерлікке үйренеді, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас жасайды, қоғамдық өмірдің әдет дағдыларын игеруге бейімделеді. Іс-әрекеттің тап осы түрлерін ғана дамыту арқылы тәрбиелеу білім беру міндеттерін шешуі, бала дамуын дұрыс жолмен бағыттап отыруға мүмкіндік туады. Жасқы ойнап, еңбек ете білетін әрі оқуға қабілетті баланы ересек адамдар мен балалар қоғамында өмір сүруге қажетті

қасиеттері толық игерген тәрбиелі бала деп аталуы мүмкін. Жоғарыда аталып өткен іс-әрекеттің әржайсымы бала дамуына өзіндік, өзін тең үлесін қосады. Мысалы, тәрбиенің өзінен білімді саналатын ақыл-ой тәрбиесінің өз бала ойынын еске-ойнатып балаларды оқуын үнемі бағыттап отыру арқылы жүзеге асырына өзіндік тәрбиелеу тәрбиелесіне таныс. Адамгершілік тәрбиелеуі деген сөз. Өйткені, мұнда олардың өзара ересек адамдармен қарым-қатынасы қалыптасады. Балабақшаның негізгі міндеті – баланың жеке басының бастапқы қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл жас баланың ақыл-ойының кезең. Осы кезеңде бала оқу мен тәрбиені қалыптастыруға, өз қызметін білуге, тілдік қатынастың қарапайым тәжірибесінде өзін-өзі таныта білуге, мінез-құлқ мәдениетіне, жеке гигиеналық және сауалатты өмір салтының негіздеріне бейімделеді.

17 жасқа дейінгі қазақстандық футболшы қыздар халықаралық жарыста бірінші орын алды

■ Футболшы қыздар қырғызстандық қарсыластарын 5:1 есебімен жеңді.



Футболдан 17 жасқа дейінгі (WU-17) Қазақстанның әйелдер құрамасы қарсыластарын екі реті ірі есеппен жеңіп, бір рет тең түсіп "Үміт" халықаралық турнирінің кубок иегері атанды, - деп хабарлайды Vesti.kz тілшісі Қазақстан футбол федерациясының баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Турнир шілденің 16-22 аралығында Қырғызстан астанасы - Бішкек қаласында өтті. Бірінші ойында бұрымдыларымыз Өзбекстан құрамасын кыздарымен кездесіп, 1:1 есебімен тең түсті. Бұл ойында Лейла Садькова қарсыластар қақпасынан саңылау таба білді.

Екінші ойында қыздарымыз алаң иелерімен кездесті. Қазақстандық футболшылардың салған бес голына көрші елдің аяқ доп шеберлері тең бір ғана голмен жауап қайтты. Бұл кездесуде Александра Бурова, Эльдана Айтымбетова, Сабина Махаматова, Жаная Көкжанова және Алена Ивановалар көзге түсті. Ақтық сында қыздарымыз Тәжікстан құрамасына жауапсыз төрт гол салды. Эльдана Айтымбетова (дубль), Александра Бурова және Дильназ Жақиевалар қарсыластар қақпасынан саңылау таба білді. Құрама сапында өнер көрсеткен Гүлім Кенжетайдың айтуынша, жарыст тартысқа толы болды.

"11 жасымнан бастап футболмен кәсіби тұрғыда айналысып келемін. Қырғызстанда өткен жарыс тамаша өтті. Өзбекстан құрамасына да жеңуге мүмкіндік болды. Осыған дейін Грузияда өткен халықаралық жарысқа катыстым", - деді 15 жасар қорғаушы Гүлім Кенжетай. Турнир соңында қазақстандық футболшы қыздар жеке-жеке марапатқа ие болды. Үздік қорғаушы - Александра Бурова; Үздік шабуылшы - Эльдана Айтымбетова (3 гол).

Айта кетейік, 17 жасқа дейінгі қазақстандық футболшы қыз Дәуренбекова Оринбаев Амангелдіқызы жақтықтырады.

kaz.vesti.kz

Суреттер instagram.com/ffkr/ парақшасынан



«Төртінші білік» газетіне жарнама (ақша материал, құлақтандыру, құттықтау, көңіл айту) бергізгі келсе, мына телефондары хабарлаңыз:

8 (7172) 34-54-59;
8-701-401-99-03; 8-705-736-68-03

ТӨРТИНШІ БІЛІК

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

Мемшік несі: «ТБ «БАҚ» шығармашылық баспа үйі» ЖШС

Директор-Бас редактор **БАЛТАБАЕВ Түлемгалир Темірбекович**

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 31. 03. 2010 жылы тіркеліп, №10836-Г куәлігі берілген. Газет 2010 жылғы 5 мамырдан шыға бастады. Таралу аумағы – Қазақстан Республикасы.

Таралымы: айына – 20 000 дана

Мекен-жайымыз: Астана қаласы, Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабы (сол жағы) Сілеті көшесі, № 30 үй. Телефон: 8 (7172) 34-54-59; 8-701-401-99-03; 8-705-736-68-03

E-mail: tortinshibilik@mail.ru

Автордың мақалалары қайтарылмайды. Газетте жарияланған кейбір суреттер мен мәліметтер интернет жүйесінен алынды. Газетте жарияланған мақалалардың редакцияның жазбаша рұқсатынсыз басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мәлініне редакция жауап бермейді. Автордың мақалалары редакция қозғарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС»-нің баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Астана қаласы, Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабы (сол жағы) Сілеті көшесі, № 30 үй. Тапсырқы № 1253

Жас ұрпақты ана тілінде тәрбиелеу – басты міндетіміз



БАРИКУЛ УНАЛБЕКОВА,
№66 "ТОЛАҒАЙ"
БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ТӘРБИЕШІСІ,
АСТАНА ҚАЛАСЫ.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуді, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сойлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сөбі шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілген кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүріп түрде жүргізілуі тиіс.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындап тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндет.

Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жазылғанштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнереіп оқып беру мен жерелен айту – тек қана олармен сөздік құрамын байыту ғана қоймайды, сонымен қатар, сөйлеу ақыл – ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ақпалы өнеушесі, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүйіп, оны қадірлеп білуі ағзы әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітапты жағамды кейінкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, ерлікке, еңбекке құлынып өседі.


Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап даярланады, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере ала, тіл шеберліктері артады. Мұндай жасы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгілі, көргенді болып өсуіне әсер етеді.

Мектепке дейінгі шақта бала тілі ікемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жағтыу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене берсе. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жағтыу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлеу білуге балабақшада беріледі тәрбиенің мақсаты зор.

Қазіргі таңда талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндері ойына, баланы шақ әдеби мұралармен сусындап тәрбиелеу, тәрбиешінің ала қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп оқудым және сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептейміз.

Ұлттық тәрбиенің өзегі – халықтық педагогикада



ЖАЗИРА КЕНЕНБАЕВА,
№ 66 "ТОЛАҒАЙ"
БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ТӘРБИЕШІСІ,
АСТАНА ҚАЛАСЫ.

Әрқ келген отбасы үшін баланың қуанышының артық ешнәрсе жоқ екені анық. Балалар жайы сөзіміз үшін те басты мәселенің бірі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауында «Баланың бағдарламасының басты бағыты мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ісін жан-жақты жетілдіру тусуу қажеттілігі айтылған. Сауалатты өмір салтын ұстау қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы бағытта болашақта еліне енуелі, халқына қалушы, ата-ананың мақтаншыны дені суы етіп өсіру жолындағы тәрбие ісін басымылық алып келу педагогтардың тікелей міндеті.

Бүгінгі таңдағы біздің бар мақсатымыз, іс-жоспарларымыздың барлығы балабақшадағы тәрбиеленушілерге жан-жақты жағдай жасау, сонарын Қазақстан Республикасының болашақ азаматы ретінде тәрбиеленіп өсуі үшін күні бүгіннен бастап негізінің беріс қаланына баса назар аудару.

Балабақшадағы әрбір тәрбиеші – педагог оқу-тәрбие жоспарын тиімді әрі нәтижелі етіп ұйымдастыру үшін өздерінің бағдарлық біліктіліктерімен, қабілеттерімен қатар, педагогикалық жаңа технологиялар негіздерін жетік меңгеруі тиіс. Яғни бүгінгі тәрбиешінің басты міндеті әлемдік өркениеттілікке ұмтылып, әлемге танылып отырған Түлеусіз Қазақстанның болашағын құрайтын жас бүлдіршіндерді саналы азамат етіп тәрбиелеу.

Тәрбиенің негізі бірінші кезекте әрбір отбасында

қалыптанып өскере отырып, «Үада не көрес, ұшқанда соны іледі» деген қазақ халқының дәлділік қағидалы ұстаным, көптеген ұйымдастырылған іс-шаралар ата-аналардың қатысуымен өткізіледі. Өйткені, жеке тұлғаның қалыптасуы ең алдымен отбасындағы үлгі-өнеге мен тәлім-тәрбиеге байланысты екенінде дәл жоқ. Сондықтан да балабақша ұжымы ата-аналардың балабақшалда өткізілетін түрлі іс-шаралар мен тәрбие ісіне қатысты тренингтер мен ертенгіліктер, сондай-ақ пікірталас сағаттарына қатысуларын қамтамасыз етіп отырады. Бұл бала тәрбиесіне байланысты ортақ мәселелерді біресе отырып шешуге айтарлықтай мүмкіндік берсе.

Ойын-баланың жетекші іс-әрекеті. Ойындар тәрбиелеу және дамыту құралы ретінде қолданылады. Әсіресе дидактикалық ойындар мен түрлі материалдар арқылы жүргізілетін ойындар көбінесе пайдаланылады. Оқу іс-әрекетінде ойын элементтерін тәрбиешінен аса біліктілік пен шеберлік, шығармашылық ізденісті қажет етеді. Ойында балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы деп қарамай, балаға берілетін танымның білім мен тәрбиенің құнды негізі деп қараса ғана үлкен мақсатына жете алады.

Тәрбиешінің басты міндеті- бойында ұлттық санағы қалыптасқан, дені сау, жан дүниесі бай жан-жақты азамат тәрбиеленіп өсуі. «Ел баланың десен, бесіңді түзе» деп дана халқымыз айтықандай тәрбиелі, білімді ұрпақ әрқашан ұлт мақтанысын